

ғылыми-әдістемелік журнал науčno-методический журнал

СОҚШАҚ Тропинка



№3 (98) маусым 2022 жыл



«Бүкіл Орта Азия елдерінің ішінде
жанқиярлықпен соғысқан, ұлкен батыл-
дық көрсеткен қазақтан басқа қай ұлтта
Хиуаздай қыздар бар еді?!»

Зариза Оңғарсынова

"Халық қаһарманы"
Хиуаз Доспановаға
100 жыл

ҚҰРМЕТТІ ЖУРНАЛ ОҚЫРМАНДАРЫ, ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ПЕДАГОГТЕРІ МЕН АТА-АНАЛАР!



Ұлы даланың қыздары алтын құрсақ ана да, жаужүрек Отан қорғаушы да, кемеңгер мемлекет басшысы да бола білгені тарихтан белгілі. Сайын даламыздың тарихы мен тағдырында өшпес із қалдырғанын арулар халыққа – қабырға, жауға – айбар бола білген. Сонау сақ заманындағы мемлекет тізгінін ұстаған Тұмар патшайым мен Зарина сұлудан бастап, оғыз-қыпшақ дәуіріндегі ел басқарған жеті ару (бұған мысал даңқты әйелдерге арналған кешендер Көк-Кесене, Бикен мұнара, Белең ана, Болған ана, Жұбан ана, Баршынның көк кешені) Алаша ханның ханымы – Ханбибі, Абылай ханның ержүрек қызы – Айтолқын, Бәсентиін Малайсары батырдың қызы, Қаракерей Қабанбайдың жары – Гауһар батыр, қос асылдың құдіретінен жаралған Назым қыз, Сүйіндік Олжабай батырдың анасы – Есенбике, Емельян Пугачев соғысына қатысып, «қыздың пірі», «сиқыршы», «киелі», «Көктемір», «ақ сағым» атанған Табын Сапар (Сапура)

Мәтенқызы, ұлы күйші Құрманғазының жан-жүрегін толқытқан қыз Данай, Кенесары Қасымұлының қайраткер қарындасы Бопай ханымдарды айрықша атауға болады.

Солардың сынығындай ел шетіне жау тигенде білегін сыбанып шыққан қазақтың батыр қыздары - Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Хиуаз Доспановалардың жанқиярлық ерлігі ұрпаққа үлгі, елге мақтаныш.

Б.Момышұлы «Ел үмітін ер ақтар – Ер намысын ел сақтар» дегендей «Әлия» патриоттық тәрбие беру облыстық орталығы жас ұрпақты патриоттыққа тәрбиелеуде жүйелі қызмет атқаруда. Биыл Кеңес Одағының батыры Мәншүк Мәметова мен Халық қаһарманы Хиуаз Доспанованың туғанына 100 жыл толуына орай түрлі шаралар өткізілуде. Осы жылдың қыркүйек айында Мәншүк Мәметова мен Хиуаз Доспанованың 100 жылдықтарына арналған «Ерліктің өшпес даңқы» атты облыстық әскери-патриоттық шара жоспарлануда. Бұл шарада өскелең ұрпақ өздерінің Отан қорғауға қанишалықты дайын екенін көрсетіп, сынға түседі.

Құрметті батысқазақстандық әріптестер! Сіздердің жас ұрпақтың бойына патриоттық, азаматтық тәрбие беріп, өмірдің соқпағынан адаспай өз жолын табуға үлес қосып, бақытты балалық шақтан салиқалы азаматтық шаққа жеткізудегі жүйелі еңбектеріңізге тәнтіміз. Алдағы уақытта қаламдарыңыз жазар қарымды жаңалықтар, толағай табыстар мен жемісті еңбек тілейміз! Ел қорғаған батырлардың рухы қолдап, еліміз көркейіп, өміріміз мәнді, ұрпағымыз сауатты, тірігіміз бірлікте болсын! Республикалық «Соқпақ-Тропинка» ғылыми-әдістемелік журналының оқырманы көп, жас ұрпақ тәрбиесіне қажетті әдістемеге толы болсын!

«Әлия» патриоттық тәрбие беру
облыстық орталығының директоры
ҚР «Мәдениет қайраткері»

Тупенова Багдаш
Абдижамикқызы

ЖУРНАЛ ҚР АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНДЕ
2003 Ж.1 ЖЕЛТОҚСАНДА №4482-Ж ТІРКЕУ
ТУРАЛЫ ҚУӘЛІКТЕ ТІРКЕЛГЕН.
ЖУРНАЛ ҚР АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ
ДАМУ МИНИСТРЛІГІНДЕ (24.ХІІ.2021)
ҚАЙТАДАН ТІРКЕЛДІ.

№ 3 (98), маусым 2022 жыл

МЕНШІК ИЕСІ: МКҚК «Батыс Қазақстан облысы
әкімдігі білім басқармасының балалар мен
жасөспірімдер туризмі және экология облыстық
орталығы» (ОБЖТЖЭО)

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі
Білім басқармасының қолдауымен
жылына 6 рет шығады.

Журналдың негізін қалаған – **Фомин В.П.**
ХБЖТЖЭА академигі, п.ғ.к.

Шеф-редактор – **Ғ.И. Бекқалиев** БҚО әкімдігі білім
басқармасының балалар мен жасөспірімдер туризм
және экология облыстық орталығының директоры

Редакциялық кеңес:

Кеңес төрайымы – **А.Ә. Мыңбаева** Батыс Қазақстан
облыстық білім басқармасының басшысы.

Кеңес мүшелері:

М.С.Жұмаев – альпинизм бойынша Халықаралық
деңгейдегі спорт шебері;
Д.В.Смирнов – А.А.Остапеч – Свешников
атындағы ХБЖТЖЭА-ның президенті, п.ғ.к.;
О.Б.Мазбаев – ХБЖТЖЭА-ның академигі,
география ғылымдарының докторы;
Е.С.Никитинский – профессор, педагогика
ғылымдарының докторы;
А.З.Абдулхаиров – доцент, педагогика
ғылымдарының кандидаты;
А.Г.Шаяхметов – ХБЖТЖЭА-ның академигі.

Редакция алқасы:

Г.З.Усағалиева – ОБЖТЖЭО-ның директорының
оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары;
А.Б.Мукашева – ОБЖТЖЭО-ның директорының
оқу- тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары;
К.Е.Неталиева – ОБЖТЖЭО-ның туризм және
қауіпсіз маршруттар бөлімінің меңгерушісі;
Р.С.Альмуханова – ОБЖТЖЭО-ның өлкетану
және аймақаралық ынтымақтастық бөлімінің
меңгерушісі;
Н.Х.Гагауов – ОБЖТЖЭО-ның экологиялық туризм
бөлімінің меңгерушісі;
Р.Е.Нұрманов – ОБЖТЖЭО-ның спорттық
бағдарлау бөлімінің меңгерушісі;
В.В.Мазуренко – ОБЖТЖЭО-ның спорт және дене
шынықтыру бөлімінің меңгерушісі.

Нөмірмен жұмыс жасағандар:

Қайрлиева Қ.Ж. – бас редактор
Карина Ж.М. – корректор, аудармашы
Қушекқалиев Ж.Н. – дизайн, беттеуші

Журнал редакциясының пікірі жарияланым
авторларының пікірімен сәйкес келмеуі мүмкін.
Журналда жарияланған материалдарды
редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға тыйым
салынады. Міндетті түрде сілтеме жасалынуы тиіс.

Жазылым индексі:

Жеке – 75184
Мекемелер мен ұйымдарға – 25184
Редакция мекен - жайы:
090004 Қазақстан Республикасы, Орал қ.,
Исатай батыр көшесі, 71/1
Тел.(7112) 52-59-42, 52-58-91
e-mail: evrasia_centre@mail.ru
www:turizmzko.kz

Форматы А4 210x297 мм, офсетті басып шығару.
Таралымы 450 дана
Тапсырыс № 529
АК «Кокше-Полиграфия» компаниясында басылған,
Ақмола обл, Көкшетау қ.

ӨЛКЕТАНУ-КРАЕВЕДЕНИЕ

Доспанов Ж.О.

Қазақтың қанатты қаһарман қызы Хиуаз2

Тупенова Б.А.

«Ол біздің мектепте оқыған...»6

Қайрлиева Қ.Ж.

Жалынды отрядқа - 15 жыл12

Бисенғалиева Ж.С.

«Мектеп-кеме, білім-теңіз»17

Құспанова Г.Ж.

«Мемлекеттік рәміздер –
Тәуелсіздіктің рухани құндылығы»20

ТУРИЗМ

Шуйншқалиев Р. А.

«Менің кіші - Отаным» тарихи-өлкетану
экспедициясының күнделігі23

Момынов М.Ү.

Мектеп оқушылары үшін қосымша білім
берудің маңызы28

Безбородая В.А.

Технология вожатского мастерства как
средство социализации в условиях туристско-
краеведческой деятельности31

ЭКОЛОГИЯ

Сейдахметова Т.С.

Рациональное использование
природных ресурсов36

Глухонец Т.П.

Использование активных методов обучения
при изучении экологии для развития
функциональной грамотности40

Полещук О. Н.

ЛЕСНЫЕ ПОЖАРЫ: я и ты за всё в ответе!44

ӘДІСНАМА - МЕТОДОЛОГИЯ

Бородулин В.В., Карина Ж.М.

Туристтік көпсайыс қашықтықтарында
техникалық тәсілдерді орындау46

Сабитов А.Т., Сарсенғалиев Е.Б.

Туризм үйірмелерінің оқу бағдарламасы52

СПОРТ

Днекешев А.А., Сарсенғалиев Ф.С.

Уроки физической культуры
и дополнительное образование для детей
с ООП в начальной школе57

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКА

Есқалиева Г.Т.

Ерлік кездейсоқ болмайды60

ТУРИСТІК ЖАҒАЛЫҚТАР

Торжества в честь юбилея туристского клуба
в Рубежке64



Қазақтың қанатты қаһарман қызы Хиуаз



ДОСПАНОВ Ж.О.
ҚР Журналисттер одағының
мүшесі әскери тарихшы,
Атырау обласы

Аңдатпа

Мақалада қазақтан шыққан тұңғыш ұшқыш, қанатты қыз Хиуаз Доспанованың Ұлы Отан соғысы кезінде сан мәрте аспанға көтеріліп жауға қырғидай тиіп, көрсеткен ерліктері жайында айтылған және соғыс біткеннен кейін де 2000 жылға дейін ол туралы ешқандай мақаланың баспасөз беттерінде жарияланбағаны баяндалады.

Аннотация

В статье рассказывается о подвиге первой летчицы, крылатой девушки из Казахстана Хиуаз Доспановой, которая во время Великой Отечественной войны неоднократно поднималась в небо и поражала врага, а после окончания войны и до 2000 года ни одна статья о ней не публиковалась в прессе.

Кілт сөздері: ұшқыш, бомбалаушы ұшақ, соғыс, жау, гвардия, лейтенант, экипаж.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде қазақтан шыққан тұңғыш ұшқыш қыз Хиуаз Қайырқызы Доспанова 1922 жылы 15 мамырда (бұрынғы Гурьев) қазіргі Атырау облысында дүниеге келген.

Орал қаласындағы 10 жылдық орта мектепті 1940-жылы үздік бағамен тәмамдаған ол, Москваның 1-Мемлекеттік медицина институтының 1-курсын бітірген бойында, 1941-жылдың жазында өз өтінішімен Қызыл Армия қатарына алынып, Саратовтың әскери ұшқыштар училищесіне оқуға жіберіледі. Оны аяқтаған бойында Совет Одағының Батыры М.Раскова жасақтаған түнгі бомбалаушы әйелдер полкына ұшқыш-штурман болып қабылданады.

1960-жылдардың бас кезінде, мектепте оқып жүрген кезімде қазақтан шыққан тұңғыш әскери ұшқыш қыз Хиуаз Доспанова туралы естіп қана қоймай, ол жайында кітапты да оқып, қайран қалумен, шексіз мақтаныш сезімге бөленгенмін.

Бірақ, 1965-жылдың 9-мамырында Ұлы Отан соғысындағы Германияны жеңгеннің 20 жылдығы аталып өткен сәтте, ол туралы көлемді мақалалар көрінбеуі, ондаған жылдарға созылуы - көңілге күдік пен күмәнді қатар ұялатып, үнемі мазалайтын болды. Содан, 1975-жылдың

ақпанында «Лениншіл жас» газеті редакциясына іздеу хатымды жолдадым, арада 4 ай өткенде, «біз де іздеудеміз, әзірге хабар жоқ, тапсақ – газетімізден оқисыз» деген жауап алдым. Араға тура 10 жыл салып, осы газетке тағы жаздым, бұл жолы жауап келмеді, Жеңістің 40 жылдық тойында «қанатты қыз» туралы жазылмады.

2000-жылдың 20-қарашасында ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің мемлекетаралық «Алтын ғасыр» газетін тіркегені жөніндегі куәлігін алғасын, оның 1-ші нөмірін 2001-жылдың 22-наурызында, XXI-ғасырдың мұсылман әлемі бойынша басталуына лайықтап жарық көргізуге дайындықты бастап кеттік. Газет Атырауда шықса да, оның бас редакторына Алматыда тұратын, кезінде республиканың бас газеті «Социалистік Қазақстанның» фельетон бөлімін басқарған әйгілі журналист Нұри Мұфтахты тағайындадым. Құрылтайшы әрі директор ретінде оған «Нүреке, бірінші нөмірге - тірі, не өлі болсын, Хиуаз апайды қайткенде де шығарып, қазақ халқын бір сілкіндіріп, қуантуымыз керек. Оның үстіне министр Сәрсембаевқа осыны уәде қылғанмын» дедім. Алтынбек 1962-жылы дүниеге келген, апай туралы хабарсыз екен, келіншегі Салтанат –



Оралдың қызы (Алаша руынан), уәдеме қуанып қалған.

Нұри ағам Хиуаз апамызды іздеп, Алматыда 1,5 ай сарпылды. Алдымен қалалық соғыс және еңбек ардагерлері кеңесіне барғанында – тізімде болмай шығады, қалалық телефон жүйесі де көмектесе алмайды, елге танымал деген тұлғалардың онымен еш байланыс-хабарлары жоқ. Тауы әбден шағылуға шақ қалғанда, есіне сол Алматыда тұратын ақын, жазушы, майдангер-офицер 83 жастағы Сағынғали Сейітов (1917, Батыс Қазақстан облысы - 2007) түсіп, кездескенінде ол Хиуазбен соңғы рет 1967-жылы телефонмен сөйлескеннен кейін еш хабарсыз қалғанын айтып, оның бұрынғы телефон нөмірін береді. Нүрекең дереу сол нөмірге соқса, сәлден кейін апайдың өзі трубканы көтереді, сол күні – 5-наурызда екеуі кездесіп, әңгімелеседі.

Осылайша, 36 (1965-2001) жыл бойына қазақстандықтарға көрінбей, естілмей кеткен (айтуым керек, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанының 40 жылдығына байланысты Совет Одағының бүкіл майдангерлері І-ші және ІІ-ші дәрежелі «Отан соғысы» орденімен 1985-жылдың 11-наурызында, 6-сәуірінде, 23-желтоқсанында, 1986-жылдың 1-тамызында марапатталған тізімге кірмеген Х.Доспанова, тек 1987-жылдың 21-ақпанындағы 5-ші кезекке өзі тұратын Алматыдан емес, Семей облысынан ұсынылған) қазақтың тұңғыш әскери ұшқыш қызы - журналист Нұри Мұфтахтың, «Алтын ғасыр» газетінің арқасында қайта көрінді. Мұны көптеген бұқаралық ақпарат құралдары әрі жалғастырумен келеді.

Сол 2001-жылдың сәуірі басында мен Президент әкімшілігіне, Парламенттің қос палатасына Х.Доспановаға Халық Қаһарманы атағын беру туралы ұсынысымды маған туысқан еместігін көрсетумен жолдадым. Нәтиже болмағасын, 2004-жылдың жазында біреулер арқылы Президент әкімшілігінің жетекшісі И.Тасмағамбетовке құжаттарын тіркеген хатымды жібергенмін, сол жылдың 7-желтоқсанында апайға Қазақстанның ең жоғарғы мемлекеттік марапаты - Халық Қаһарманы атағы берілді. «Отан» (7.12.2004), 1-ші (21.02.1987) және 2-ші (29.02.1944) дәрежелі «Отан соғысы», «Қызыл Жұлдыз» (26.12.1942) ордендерімен, «Кавказды қорғағаны үшін» (23.09.1944), «1941-1945-жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» (1.09.1945) және мерекелік 1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 60 жыл (2005), 65 жыл (2010) медальдарымен марапатталған.

Хиуаз Қайырқызы тек соғыстағы ерлігімен ғана танылған жоқ, бейбіт өмірде де биіктерден көрінді, беделі шарықтай түсті.

1946 - 1962-жылдары төмендегідей лауазымдарды абыроймен атқарды:

Батыс Қазақстан облысындағы Жәнібек аудандық облыс партия комитетінің нұсқаушысы, Алматы жоғары партия мектебін үздік бітіргеннен кейін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің нұсқаушысы, сектор меңгерушісі, Қазақстан комсомолы Орталық Комитетінің бірінші секретары, Қазақ ССР-і Жоғарғы Советі Президиумының секретары (әкемнің інісіне берілген грамотада бұл кісінің осы лауазымдағы қолы бар), Алматы қалалық партия комитетінің екінші секретары. Халық Қаһарманы Хиуаз Доспановаға Атырау қаласында бюстпен ескерткіш орнатылған. Осы қаладағы халықаралық әуежайға, Құрманғазы ауданындағы ауылға, мектепке, мұз айдын сарайына, көшеге тегі берілген.

Ұлы Отан соғысындағы алғашқы әскери тапсырманы 1942-жылдың 12-маусымында орындауға шығады. 218-түнгі бомбалау авиация дивизиясының 588-түнгі бомбалау авиация полкында; 325-түнгі бомбалау авиация дивизиясы құрамында ПО-2 ұшағымен 305 рет жауынгерлік тапсырмамен әуеге көтерілген. 3 мәрте жараланады.

Экипаж ишурманы, полк байланысы қызметінің бастығы-полк штабы бастығының көмекшісі (1942-1945). Лейтенант.

«588 түнгі жеңіл бомбалаушы авиациялық полкінің ишурманы жолдас Доспанова 1942 жылдың 27 мамырынан бастап Отан соғысы майданында.



Ж. Доспанова штурман ісін жақсы біледі. Ол күрделі метеожайдайлар мен таулы жерлерге жақсы бағдарланған. Экипаж штурманы ретінде штурман туралы білімін арттыру үшін көп жұмыс істейді.

У-2 ұшағымен ұшады.

Жауынгерлік жұмыс кезінде жолдас Доспанова 102 жауынгерлік түнгі ұшуды жасады, жаудың жұмыс күші мен техникасын жою үшін 15902 кг түрлі калибрлі бомбаларды тастады.

1942 жылдың 9 шілдесінен 27 қыркүйегіне дейін эскадрильяның адъютанты (штаб бастығының көмегіші – Ж.Д.) міндетін атқарды. Эскадрильяның адъютанты ретінде әр ұшатын экипаждың және жалпы эскадрильяның жауынгерлік жұмысы туралы есеп пен есеп беруді өте жақсы жүргізе алды.

Ж. Доспанова ауада өзін байсалды, сенімді ұстайды.

Ең тиімді жауынгерлік ұшулар.

- 1942 жылы 19 қыркүйекте Кизляр пунктіндегі өткелді бомбалады. Дәл бомбалау нәтижесінде қара қалың түтінмен қатты жарылыс болды. Бомбалаушы эскадрилья командирінің экипажы лейтенант Никулина тиімділігін растайды.

- 1942 жылы 20 қыркүйекте Нижний Курп пунктінде мототехбөліктердің және жаудың көп жиналған жерін бомбалады. Нәтижесінде қатты өрт және қайта қайта қайталанған жарылыстар болды. Жарылыстың тиімді

болғанын ұшқыш старшина Тропаревскаяның келесі экипажы растайды.

- 1942 жылы 25 қыркүйекте Павлодолский пунктіндегі өткелді бомбалады. Соққы нәтижесінде Оңтүстік жағалауда қатты жарылыстар болды. Жарылыстың тиімді болғанын звено командирі Макарованың экипажы растады.

- 1942 жылы 26 қыркүйекте Терский пунктінде жау әскерінің шоғырын бомбалады. Нәтижесінде қайталанатын жарылыспен 2 өрт ошағы байқалды. Жарылыстың тиімді болғанын эскадрилья командирі лейтенант Никулинаның кейінгі экипажы растайды.

- 1942 жылы 27 қыркүйекте жау әскерінің шоғыры бойынша Малгобек пунктін бомбалады, нәтижесінде қара қалың түтінге оранған екі өрт ошағы және қатты жарылыс болды. Деректерді топ командирі старшина Макарованың экипажы растайды.

- 1942 жылы 10 қазанда Хамидия пунктінің өткелін бомбалады, бомбылау нәтижесінде 2 өрт ошағы және қатты қайталанатын жарылыстар бақыланды. Эскадрилья командирі лейтенант Никулина экипажымен растайды.

- 1942 жылы 18 қазанда Моздок пунктіндегі өткелді бомбалады. Бомба тастау нәтижесінде қатты жарылыс және бір өрт ошағы байқалды. Мәліметтерді бөлім командирі сержант Чечневаның экипажы растайды.

- 1942 жылы 1 қарашада Белореченск пунктін бомбалады. Бомба тастау нәтижесінде бірнеше жерде өрт ошағы пайда болды, бір өрт ошағы түні бойы жанды. Мәліметтерді келесі эскадрилья командирінің орынбасары кіші лейтенант Смирнованың экипажы растайды.

- Мототехбөлімі мен қарсы жақтың әскер күші жинақталған жерін бомбалады. Нәтижесінде қара түтін будақтаған қатты жарылыстар болды. Ис-қимылдың тиімділігін звено командирі сержант Пискареваның экипажы растады. Автоцистерналардың жарылғаны белгілі болды.

Жолдас Доспанова қоршауда, тұтқында болған жоқ, қатарда болды.

Неміс басқыншыларымен соғыста көрсеткен өжеттігі мен қайсарлығы үшін жолдас Доспанова Үкімет наградасы «Қызыл жұлдыз» орденіне лайық.

588 түнгі жеңіл бомбалау авиациялық полкінің командирі майор Вершанская

- 11- желтоқсан 1942 жыл.

Доспанова Үкімет наградасы «Қызыл жұлдыз» орденіне лайық.

218 түнгі жеңіл бомбылау авиациялық дивизиясының авиация генерал – майоры Попов 20 желтоқсан 1942 жыл

- «Жолдас Доспанова 1942 жылдың 27 мамырынан бастап неміс басқыншыларына қарсы күресте Отан соғысы майданында. Жауынгерлік жұмыстың осы кезеңінде ол 272 рет түнгі ұрысқа шықты, әртүрлі 31100 кг түрлі калибрлі бомбаларды тастады. Кез-келген ауа-райы жағдайында ұшты. Күндіз де, түнде де жақсы бағдарлай алады.

Барлық жауынгерлік жұмыста бірде-бір бағдарлаудан жаңылыспаған. Звено штурманы ретінде өзінің қарамағындағы штурмандық құрамдарды жақсы басқарды. Жақсы ұйымдастырушылық қабілеті бар. Өзіне және қол астындағыларға талапшыл. Өзінің жауынгерлік тәжірибесін жас штурмандық құрамға шеберлікпен жеткізеді. Жолдас Доспанованың звеносы 1075 рет ұшты. Жауынгерлік тапсырмаларды үздік орындағаны үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталды. Бірінші марапаттаудан кейін жолдас Доспанова жауынгерлік тапсырмамен 168 рет түнде ұшты. Барлығы 32 нысан өртеніп, 28 рет қатты жарылыс болды. Жауынгерлік ұшулардың барлығы да жақсы тиімділікпен жүргізілген.

- 1942 жылы 20 - қыркүйегінде Нижний Курп пунктінде жаудың мототехникасы мен әскер күші жиналған шоғырын бомбалады. Нәтижесінде күшті өрт байқалып және

ақтүтіндеген жарылыстар болды. Мәліметті келесі экипаж ұшқышы старшина Тропаревский растайды.

- 1943 жылдың 27 наурызына қараған түні Мелаховская пунктіндегі жаудың автомашиналары шоғырын бомбалады. Бомба соққысы нәтижесінде 1 күшті өрт болғандығын келесі экипаж ұшқышы, гвардия лейтенанты Макарова растайды.

- 1943 жылдың 14-қыркүйегіне қараған түні Гостогаевская жолында шегініп бара жатқан жауды бомбалады. Бомбаны дәл тастаудың нәтижесінде қалың ақтүтінмен қатты жарылыс болғанын, келесі экипаж гвардия кіші лейтенанты Клопова растайды.

- 1943 жылдың 30-қыркүйегіне қараған түні Ахтанизовская пунктіндегі жау шоғыры жиналған жерге бомба тастады. Бомба соққысының нәтижесінде үлкен өрт ошағының болғанын, келесі экипаж гвардия кіші лейтенанты Рыжкова растайды.

- 1943 жылдың 4-қазанға қараған түні Пересыль пунктіндегі шегініп бара жатқан жауға бомба тастады, осында 5 рет ұшып ұрыс салды. Дәл тасталған бомбаның нәтижесінде жанармай машинасының жарылғанын экипаж гвардия старшинасы Алцыбаева растайды.

- 1943 жылдың 4-қарашаға қараған түні Аджим-Ушкай пунктіндегі жау шоғыры жиналған жерді бомбалады. Дәл тасталған бомба соққысының нәтижесінде 2 қатты жарылыс болғанын, гвардия лейтенанты Дудина экипажы растайды.

Қолбасшылықтың жауынгерлік тапсырмаларын сәтті орындағаны және жеке өзі жасаған 168 жауынгерлік түнгі ұшулары үшін жолдас Доспанова "Қызыл Ту" Орденінің екінші үкіметтік наградасына лайық.

46 гвардиялық түнгі жеңіл бомбалау полкінің командирі майор Вершанская

- 28 января 1944 года.

Заклучение военного совета армии.

Наградить орденом «Отечественная война» второй степени.

1944 жылғы 26-қаңтар.

«Қызыл Ту» Орденінің екінші үкіметтік наградасына лайық.

132 бомбалаушы авиациялық дивизия командирі авиация генерал-майоры Федоров

4 - әуе армиясының қолбасшысы авиация генерал-полковнигі Вершинин

Әуе армиясы 4 қолбасшысының саяси бөлім жөніндегі орынбасары генерал-лейтенант Веров

17- ақпан 1944 жыл.



«Ол біздің мектепте оқыған...» «Она училась в нашей школе...»



ТУПЕНОВА Б.А.
ҚР «Мәдениет қайраткері»,
«Әлия» патриоттық тәрбие
беру облыстық орталығының
директоры, Бұлақ ауылы, Ақтөбе обл.

Аңдатпа

Мақалада Кеңес Одағының батыры Әлия Молдағұлованың Ресей жерінің Ярославль облысы Некрасов ауданы Вятск селосындағы мектепте 1942 жылғы оқығандығы жазылған. Батыр қыздың ерлігін мәңгі еске сақтауға, жасұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеуге бағытталған жүйелі шаралар - мектепте музей ашылып, пневматикалық винтовкамен көздеп атудан турнирі өткізіліп, Қазақ елімен, батыр қыздың жерлестерімен қарым-қатынас орнату көзделіп, ескерткіш орнату ісі туралы баяндалған. Материал қосымша білім беру саласының педагогтарына пайдалануға бағытталған.

Аннотация

В статье говорится, что Герой Советского Союза Алия Молдагулова училась в 1942 году в школе поселка Вятск Некрасовского района Ярославской области, Россия. Системные меры, направленные на увековечение героизма героини, воспитание подрастающего поколения в духе патриотизма – в школе открыт музей, проведен турнир по пневматической винтовке, налаживаются связи с казахским народом, соотечественниками героини. Материал предназначен для использования педагогами в сфере дополнительного образования

Кілт сөздері: Әлия Молдағұлова, Ресей жері, Ярославль облысы Некрасов ауданы, Вятск, «Вяттич» деп аталынатын патриоттық тәрбие беру орталығы, «Она училась в нашей школе», «Әлия» патриоттық тәрбие беру облыстық орталығы.

Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың ерлігін насихаттау мақсатында жұмыстар Ресей елінде жалғасын табуда.

2020 жылдың 28 ақпаны күні Ресей жерінің Ярославль облысы Некрасов ауданы Вятск селосында Әлия Молдағұловаға арналған шара өтті. Тағыда бір Әлияға арналған музей ашылды.

1942 жыл. Ұлы Отан соғысының өршіп тұрған кезі. Кішкентай Әлия тәрбиеленіп жатқан Ленинград қаласы жаудың қоршауында екінші қысын өткізіп жатыр... Жаудың оғынан, аштықтан қырылып жатқан қала халқының арасынан Әлия тәрбиеленіп жатқан

балалар үйінің балаларын құтқару мақсатында Ленинградтағы №46 балалар үйінің тәрбиеленушілерін Ярославль облысы Некрасов ауданы Вятск селосына көшіріледі. Бұл жерде Әлия 1942 жылдың наурыз-сәуір-мамыр айларында оқиды да 7 классты бітіріп, бірге оқыған құрбыларымен бірге Рыбинск қаласына ұшқыштар даярлайтын техникумға оқуға кетеді. Міне осы аз уақытта Вятск жері жаудың оғынан, аштықтан әбден шаршаған өте әлсіз балаларды өз балаларындай құшақтарына алып, оқытып, тәрбиелей білді. Осы балалардың ішінде болашақ Кеңес Одағының Батыры Әлия Молда-

ғұлова да болатын... Балаларды қабылдап алған, көздерімен көрген, бірге оқыған адамдар өкінішке орай қазір жоқ. Сол кездегі Вятское мектебінің мұғалімі Т. Суворованың естелігіне сүйенсек:

- Біздің жаққа жау басып алған жерлерден балалар әкеліне бастады, 1942 жылдың көктемінде қоршаудағы Ленинградтағы балалар үйінің тәрбиеленушілері келетіні туралы хабар түсті. Бүкіл село оларды қарсы алуға даярланды. Міне, оларда келді. Біз балалардың аш жалаңаш екенін сезгенбіз сол себепті қарсы алуға шыққанда жылы киімдермен, тамақ алып шықтық, бірақ өз көзімізбен көргенде, төбе шашымыз тік тұрды. Олардың азып тозған, құр сұлбесі қалған түрлерін айтып жеткізу қиын. Кей балалар өз бетімен жүре де алмайтын... Мен сабақ беретін класта қазақ қызы оқыды. Сымбатты қыз бала өте пысық болатын. Қара көздері шоқша жанып, ерекше көзге түсетін. Бұл Әлия Молдағұлова болатын. Сабаққа өте ықыласты еді. Класта ол Лидия Новикова деген қызбен бір партада отырды. Қыздар достасып кетті, Әлияның достары көп болатын. Балалар сәл дұрысталғаннан кейін, бос уақыттарында колхозшыларға көмектесіп, жауды жеңуге үлес қосты. Әлия барлық жерде алдыңғы қатарда жүретін. Жалпы Ленинград балаларының еңбек

сүйгіштігі, белсенділігі, адалдығы бәрімізді сүйсіндіретін.

Қазіргі таңда Вятск селосы Некрасов ауданына қарасты өте бір экологиялық таза, тарихы тереңде жатқан, табиғи ресурстарға бай, туристер өте көп келетін және алыс жақын қала халқы демалатын орын екен. Тегіннен тегін бұл селоға Россияның ең көрікті жері атағы берілмесе керек. Вятск селосы Ухтомка өзенінің жағасында, облыс орталығы Ярославль қаласынан 38 шақырым жерде орналасқан. Бұл село жайында 1502 жылғы жәдігерлер сақталынған және бай ауқатты саудагерлермен танымал. Ресей аумағында көкөніс соның ішінде қияр өсірумен әйгілі мекен. Жыл сайын қияр өсіруде 700-ге тарта адам айналысқан және де 30 млн дана қияр шығарып отырған. Бұл өнім Ресей астанасы Мәскеу қаласына және де тұздалған қияр шет елге экспортқа шығарылып отырған. Вятск селосы үлкен тармақталған музей орталығы болып саналады. Бір селода 12 музей бар. Тарихы тереңде жатқан, мәдениеті қашанда жоғарыда тұрған село үшін бұл музейлерде аз сияқты. 30-дың үстінде ескерткіштер қайта жөндеуден өткен, селода тек үлкендерге ғана емес жас балаларға да көңілді. Бір ғана мысал «Детский мир» деген музейінде 5000 нан жоғары тек ғана жеке коллекционерлерден жинал-





ған ойыншықтар қойылған және сол жерде 100 орындық балаларға арналған Киноконцерт залы бар. Село тұрғындары өз мекендерін керемет сезіммен, мақтанышпен айтып отырады. Бүгінгі таңда Вятск - тарихи мәдени бірлестік, бірден бір болашағы зор туристік маршруттың бірі.

Соғыс оты өшіп, Жеңіс таңының атқанына да биыл 76 жыл. Қаншама уақыт өтседе Вятск халқы сонау қиын кезде өздерінен пана тапқан қазақтың қаршадай қызын ұмытпапты, керісінше Әлия есімін мақтан тұтып, алақандарына салып отыр. 1942 жылы батыр қыз оқыған мектеп қазір дәл сол күйінде сақталынған. Осы селоның балалары өткен жылға дейін сол мектепте оқыған. Биылғы жылдан бастап басқа мектепке көшіпті. Әлия оқыған мектеп қасқая қарап әлі тұр. Мектепке 2018 жылы Әлияның суреті бейнеленген ескерткіш тақта орнатылған. Ол тақтада «Алия Молдагулова, славная дочь казахского народа, училась в Вятской школе с марта по май 1942 г. Героически погибла в боях за Родину» деген жазу бар. Ескерткіш тақта 2018 жылы салтанатты түрде ашылған. Ашылу салтанатына Ярославль облысы Некрасов ауданының басшысы А.Н.Коротаев өзі болып бастаған топ, жергілікті село тұрғындары, мектеп оқушылары, соғыс ардагерлері және

Мәскеуде тұратын қазақтар қатынасыпты.

Ал, 2019 жылдан бастап Вятск орта мектебінде Әлия Молдағұлованы еске алу мақсатында Некрасов ауданына қарасты барлық мектеп оқушылары арасында пневматикалық винтовкамен көздеп атудан турнир өткізу дәстүрге айналған.

2019 жылы 1-ші ашық турнирі өткізілсе, 2-ші ашық турнирі 2020 жылдың 28 ақпаны күні өткізілді және осы мектептің ішінен Әлия Молдағұловаға арналған музей ашылды. «Она училась в нашей школе» деп аталынған бұл үлкен шараға шақырылған жерлестері атынан «Әлия» патриоттық тәрбие беру облыстық орталығының директоры Тупенова Бағdash Абдижамиқызы және Әлия Молдағұлова атындағы орта мектебінің мұғалімі Мұхамбеталы Жамила Жакияқызы қатынасты. Әлияның жерлестерін Некрасов ауданының басшысы Алексей Николаевич Коротаев өзі бас болып қарсы алды. Мектепке кірген бойда оқушылар арасында Әлияның жерлестері келді деген сөздер естіліп жатты. Мектептің салтанат залында шараның ашылуы өтті, Әлияға арналған әдеби музыкалық композиция көрсетіліп, әндер шырқалды. Қойылымдар кезінде әр оқушының Әлияны жанындай жақсы көретіні, жаныңа жақын сезіледі, кеуденде мақтаныш сезімі орнайды.

Сол күні сонау Ресейдің бір бұрышында жатқан Вятск мектебінде тек ғана Әлия туралы әндер орындалып, Әлияға арналған жырлар оқылды.

Жиналған халық мектеп ішіндегі Әлияға арналған музейдің ашылу салтанатына қатынасты. Музейдің ашылу салтанаты да өте жоғары дәрежеде өтті. Жиналған халық ашылу лентасы қиылғаннан кейін музейге кірді. Жерлестері атынан музейге қазақ қызының ұлттық киімі, батырдың кіндік қаны тамған Бұлақ ауылының топырағы және «Алия - Великая дочь Казахского народа» деген атпен жасалынған стенд апарылды. Бұл стендте Қазақстан және Ресей жеріндегі Әлия есімімен аталынатын оқу орындары, музейлер, көшелер, ескерткіштері, тума-туыстарының суреттері салынып, екі ел арасындағы байланыс туралы мағлұмат берілген.

Төрден орын алған қазақ қызының киімі музей сәнін келтіріп-ақ кетті. Елден барған стенд те, туған жерінің топырағы да өз орындарын тауып орналасты. Негізі, ұйымдастырушылар Әлия музейін ашпас бұрын көп ізденіпті. Жергілікті суретшілерінің қолдарынан шыққан Әлияның портреті ілінген, өмірбаяны жазылған. 1944 жылдың 14 қаңтары күнгі Әлия құрамында болған 54 атқыштар дивизиясының жауға қарсы жасалынатын шабуылының схемасы үлкейтіліп ілінген. Және сол мектептің архивінде Әлия Молдағұлованың 7 классты бітірген кездегі орыс тілі, орыс әдебиеті, геометрия, алгебра пәндерінен емтихан тапсырғаны туралы протоколдардың түпнұсқасы сақталынған екен. Екі жағы кортонмен қапталған, тігілген, клетка жазу дәптерінің бетіне қолмен жазылған 7 б класының геометрия пәнінен емтихан қорытындысы туралы протоколында 24 оқушының тізімі тұр. Молдағұлова Әлия бірінші тұр. Жанында «отлично» деген жазу бар. Алгебра пәнінен толтырылған протоколда ғана «хорошо», ал қалған пәндерде Әлияның тұсында тек «отлично» деген жазуды көресің. Беттері әбден сарғайған, сақталынғанына 78 жыл өткен протоколдар 1942 жылдың 25 мамыры күні толтырылған екен. Бұл түпнұсқаны олар көздерінің қарашығындай сақтап отыр, оның дәлелі музейге тек көшірмелері ғана ілінген ал түпнұсқа кілтпен жабылған қобдишада сақталынады екен. Әлияға арналған бөлімнен балалар үйінде Әлияның өз қатарларымен

пионерлік жиында сапта тұрған суреті ілінген (ол суретте 8-ші тұрған Әлия деп жазулы тұр) жақынырақ қарасаңыз Әлияны дәл танысыз және Ленинградтағы балалар үйінің басшылығына өз қолдарымен жазған 1942 жылғы жаңа жылдық құттықтауы. Ол құттықтаудың соңғы жағында құттықтаушылардың атынан бес оқушының аты-жөні жазылған. Үшінші болып Молдағұлова Әлия тұр.

Музей сөрелеріне Қазақтың ұлттық тақиясы, кішкене домбыра, Қазақстан жалаушасы, Қазақстанның Талдықорған облысынан 1970 жылдары мектеп оқушылары жазған хаты және Ресейлік Дарья Александровна Тимошенконың «Последний бой Алии Молдагуловой» атты кітабы қойылған. Айта кету керек 2018 жылы Дарья Александровна Тимошенконың «Последний бой Алии Молдагуловой» атты кітабының тұсаукесері осы Әлия оқыған Вятск орта мектебінде өткен болатын. Көптеген соғыс даласынан табылған заттар осы Әлияға арналған бөлімге қойылған. Музейдің екінші бөлімі мектеп өміріне арналса, үшінші бөлімі – этнография. XIX – XX ғасырлар кезіндегі село тарихына арналған. Музей өте жақсы жабдықталған, әрине Әлияға арналған бөлімді қолдарынан келгенше толтыруға тырысқан Қазақстаннан өте алыста жатқан осы бір селосының тұрғындарына және ұйымдастырушыларға алғыстан басқа айтарымыз жоқ және Әлия жерлестерінің қашанда музей жәдігерлерін толықтыруға дайын екенін қайта – қайта жеткіздік. Осы музей ішінде «Әлия» патриоттық тәрбие беру облыстық орталығы мен Вятск орта мектебі арасында алдағы уақытта өзара қарым қатынаста болуға меморандумға қол қойылды.

Вятскіліктер жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеу мақсатында өте көп жұмыстар жүргізіп жатыр, соның бірі біз куә болған Әлия Молдағұловаға арнап өткізіп жатқан кезекті турнирі. Мектепте «Вятч» деп аталынатын патриоттық тәрбие беру орталығы жұмыс жасайды. Бұл орталыққа өз еріктерімен мектептің тең жарты оқушылары кірген тіпті жақын маңдағы қалалардың балалары да жиі келіп тұрады екен. Әлияға арналған шараның бірінші бөлімі мектептің үлкен акт залында өтсе, екінші бөлімі турнирдің ашылу салтанаты мектеп спорт залында өтті. Ярославль облысына қарасты аудандардан 13 команда жиналыпты

оның жетеуі тек ғана Некрасов ауданынан. Тағы да бір мақтанышпен айтатын осы 13 команданың біреуі Ярославль облысының Рыбинск қаласындағы авиация колледжінен келді. Бұл 1942 жылы Әлия Молдағұлова оқыған ұшқыштар даярлайтын техникум. Бұл жерде Вятск мектебінің соғыс жылдарында Әлия оқыған Рыбинск қаласындағы ұшқыштар даярлаған оқу орынымен қазіргі таңда тығыз байланыста екені көрініп тұр.

Турнир өтетін Зал өте жақсы жабдықталған. «Турнир по стрельбе из пневматической винтовки, посвященный памяти Героя Советского Союза Молдагуловой Алии» деген сөздер жоғарыға ілінген. Ресей мен Қазақстанның тулары қатар қойылыпты. Екі елдің Гимні қатар орындалды. Бұл да Ресей халқының Қазақтың батыр қызына деген құрметі екені анық. 13 командаға алғашқы әскери тәртіп беріліп, шара ережесімен таныстырылды. Шараның бас қолбасшысына әр команда командирі әскери рапорт беріп, рапорт соңында өз Отанымызға Әлиядай қызмет жасаймыз деп уәделерін беріп жатты. Турнирге қатынасушы 13 командаға мына төмендегідей талаптар қойылды:

- 1) Пневматикалық винтовкамен көздеп ату;
- 2) Пневматикалық пистолетпен көздеп ату;
- 3) Калашников автоматын бұзып қайта жинау;
- 4) Калашников автоматының оқ қорапшасын октау;
- 5) Дәрігерлік көмек;
- 6) Тарих. (Ұлы Отан соғысы тарихы және Әлия Молдағұлованың өміріне қатысты сұрақтарға жауап беру).

Жарысты бақылау және бағалау үшін шақырылған қонақтарда жәй мамандар болмады. Олардың ішінде Ресейдің соғыс ардагерлері, Ресейлік офицерлер одағының мүшелері, әскери медицина қызметкерлері шақырылған. Сонымен қатар Ярославль облысына қарасты іздеушілер отрядтарының командирлері қатынасты. Рыбинск қаласындағы іздеушілер (поискового отряда) отрядының командирі Олег Беспальченко өз сөзінде Ақтөбедегі «Алия» іздеушілер тобымен жақсы таныс екені, Ақтөбеде болған кезінде Әлияның туған жерінде болғанын айтып өтті.

Турнирге барлық команданың үлкен дайындықпен келгендері олардың әрбір жасаған қимылдарынан және Әлия Молдағұлова туралы

берілген сұрақтарға еш мүдірместен жауап бергендерінен көрініп тұрды.

Осы үлкен шараны ұйымдастырушылардың бірі «Әлия» жобасының кураторы ендігі жерде Әлия музейінің меңгерушісі, осы Вятск мектебінің түлегі, осы мектептің орыс тілі әдебиеті пәнінің мұғалімі Любовь Анатольевна Абрамованың айтуы бойынша; - «Мен осы селоның тұрғыны, осы Вятск орта мектебінің түлегі ретінде білетінім бұл жердің әр бір тұрғыны Әлия Молдағұлова туралы жақсы біледі. Біз мектепте оқып жүрген кездерімізде мұғалімдеріміз Әлия туралы көп айтатын. Біздің мектепте Әлия Молдағұлованың оқығаны біздер үшін мақтаныш. Ендігі біздің міндетіміз келер ұрпаққа Әлия есімін жеткізу және Әлияға арналған осындай шаралар өткізу арқылы жас ұрпақты өз Отанын шын сүйуге тәрбиелеу. Вятск мектебінің көптен жоспарлаған жоспары Әлия музейін ашу болатын. Міне, бүгін Әлия музейі ашылды, енді жастар Әлия өмірімен толығырақ танысатын болды. Бұл менің де жеке арманым болатын, өйткені Әлия менің жанымға бала күнімнен жақын мен Әлия туралы өлеңдер шығарамын Әлия оқыған мектеп орналасқан көшеде тұрамын, қызметімде Әлия өмірімен байланысты. Ендігі жоспарым осы мектепті Қазақстан мен байланыстыру және Әлия үшін қызмет жасауға дайынмын» деді өз сөзінде.

- «Әлия Молдағұлова Вятск мектебінің түлектерінің ішіндегі жалғыз Кеңес Одағының Батыры, Батыр оқыған мектепте қызмет жасау үлкен жауапкершілікті талап етеді Біз мектеп ұжымы Әлия Молдағұлованың туған жері Қазақстанмен байланыс жасауға дайынбыз және бүгінгі осы шараға Қазақстаннан келіп қатынасып отырған Әлия жерлестеріне алғыс айтамыз. Турнирді қорытындылау оңайға түскен жоқ, өйткені әрбір жарысқа қатынасушы Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұловадай боламын деп бар күш жігерлерін салды, осындай еліміздің патриоттарын дайындап жатқанымыз, мен үшін үлкен қуаныш. Бүгінгідей шараны Қазақстанмен бірге өткізсек тіпті жақсы болған болар еді» турнирді қорытындылау сөзінді Вятск орта мектебінің директоры Василий Григорьевич Петров.

Шара аяқталысымен селоны араладық. 1942 жылы Әлия Молдағұлова оқыған мектеп қасқая қарап әлі тұр. Мектеп орналасқан көшеде



тұрмыз. Көше өте жақсы жабдықталған. Сол көшеге батырлар аллеясы орналастырылған. Өз селосынан шыққан батырларының қатарында Әлия Молдағұлованың да үлкен суреті тұр. Көше басында, мектепке жақын маңда ескі құдық бар екен. Тұрғындардың айтуы бойынша бұл құдықты халық соғыс жылдарында да пайдаланған. Мектепте, осы құдықтан су алған. Әлияның да осы құдықтан су ішіп осы көше бойында жүргені анық. Соңғы жылдары су құбыры жүргізілгеннен кейін бұл құдықтан су алу жағы азайған. Соңғы жылдары құдықтың сырты жаңартылған. Біздер осы қасиетті құдықтан шелек салып, су алып іштік, бір кездері біз тұрған жерде Әлия да тұрып, осы құдықтың суын ішті ғой ... Вятск селосы біздер үшін өте ыстық, өйткені бұл жерде Әлияның ізі қалды. Бұл жерге әлі талай Әлия жерлестері келіп тағзым ететіні сөзсіз.

Мен өз сөзімді тағы бір үлкен жаңалықпен аяқтағалы отырмын. Осы Әлия оқыған мектепке жақында Қырғыз елінің мүсіншісі, Бүкіл Одақтық мәдениет өнер академиясының корреспондент мүшесі, Ресейдегі, Қырғызстандағы бірнеше ескерткіштердің авторы, Москва қа-

ласының тұрғыны Асамбаев Азамат Ахматұлы деген мүсінші арнайы барып мектеппен танысыпты және Жеңістің 75 жылдығына Әлия Молдағұлованың 95 жылдығына арнап осы мектепке Әлия мүсінін жасап беруге уәде берген. Тіпті алғашқы жұмыстары да басталыпта кетіпті. Мектеп ұжымы Әлия мүсінін мектеп алдына орналастыруды жоспарлап отыр. Менің осындай үлкен шараға қатынасып келгеннен кейінгі түйгенім, Кеңес Одағының Батыры Қазақтың қаһарман қызы - Әлия Молдағұлованың есімі Қазақстан мен Ресей арасын жалғап жатқан алтын көпірге айналғандай және екі елдің - болашағы жас ұрпақтарына мәңгі үлгі өнеге.

Қосымша

Ал, 2021 жылы РФ. Ярославль облысы Некрасова ауданы Вятск селосында Әлия Молдағұловаға арналған әскери-патриоттық III-ші турниріне батырдың туған жері Ақтөбе облысынан құралған «Алия» командасы қатынасып (онлайн) I-орынды жеңіп алды. Кезекті IV-турнирі 2022 жылдың қыркүйек айына жоспарлануда. Батырдың жерлестері биылғы жылы Вятск жеріне барып қатынасуды жоспарлауда.



Жалынды отрядқа - 15 жыл

(Кеңес Одағының батыры
«Маншүк Маметова» атындағы іздеу отряды)



ҚАЙРЛИЕВА Қ.Ж.
ОБЖТЖЭО-ның ҚББП-і,
«Соқпақ-Тропинка»
ғылыми-әдістемелік журналының
бас редакторы, Орал қ., БҚО

Аңдатпа

Мақалада Кеңес Одағының батыры «Маншүк Маметова» атындағы іздеу отрядының 15 жылдан бері жасаған нәтижелі қызметін отрядтың командирі Сергей Владимирович Лапшиннен сұхбат ала отырып сараланған. Автор отряд мүшелерінің осы жылдарда 250-дей жауынгер сүйектерін жер астынан қазып алып, анықтап, қайта жерлеуге ықпал еткендігін, табылған жәдігерлерді мұрағаттар мен мемориал сайттардан іздеу арқасында, дәлдікпен беру арқылы нәтижеге жеткендігін жазған. Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы Мерей ЖОББМ-нің оқушылары отряд құрамында болып өз еңбектері нәтижесінде мектеп музейін ашқан. Мақала қосымша білім беру педагогтарына пайдалануға бағытталған.

Аннотация

Статья посвящена анализу результативной деятельности, проделанной поисковым отрядом имени Героя Советского Союза «Маншук Маметова» в течение 15 лет. Сергей Владимирович Лапшин является командиром отряда. Автор пишет, что члены отряда за эти годы раскопали, опознали и перезахоронили около 250 останков воинов. Это результаты были достигнуты благодаря поисковой работе. Учащиеся Мерейской СОШ Таскалинского района Западно-Казахстанской области в составе отряда открыли школьный музей. Статья полезно педагогам дополнительного образования.

Кілт сөздері: «Маншүк Маметова» атындағы іздеу отряды, Сергей Владимирович Лапшин, Мерей ЖОББМ, халықаралық «Вахта Памяти» жобасы, Жәнібек, Сайқын, Шоңғай стансалары, 312 –і атқыштар дивизиясы, Татьяна Жидкова «Госпиталь в тылу», Қадыр Султанов (1910), Филипп Азовсков (1906).

Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданының Мерей орта мектебінде осыдан 15 жыл бұрын Кеңес Одағының батыры Маншүк Маметова атындағы іздеу отряды (келесіде: іздеу отряды) 2007 жылы құрылған. Содан бері отряд мүшелері шайқас орындарында болып, жауынгерлердің сүйектерін тауып, қайта жерлеумен айналысып келеді. Отрядтың құрамында Тасқала ауданының Мерей жалпы орта білім беретін мектептің оқушылары қатысады. Атап айтсақ, Мустахимов Ахмед (студент), Бердімұратов Әли (Олимпиядалық резерв мектебі), Сағиден Бекзат (студент), Увалиев Аңсар (қайтыс болды), Тлеуов Бақтияр,

Шарипов Мүслім, Шарипов Мұса, Жақсылықов Марат (Мерей ЖОББМ) және т.б. көптеген оқушылар қатысып, патриоттыққа тәрбиелеген. Іздеу отрядының құрамында Припадчев Даниил Олегович (Ақтөбе қ.), Икзиков Куанай Елюкенович (Пугачев п.), Поздняков Иван Михайлович (Пугачев п.), Сырица Сергей Николаевич (Шаған мектебі), Припадчев Олег Михайлович (Ақтөбе қ.) сияқты үлкендер де өз қолғабысын берген.

«Отряд командирі - Сергей Владимирович Лапшин. Сергей Владимирович өте еңбекқор, төзімді, табанды, оқушылармен жұмыстануды жақсы көретін жан. Сергей Лапшин: “2007



жылы ақтөбелік әріптестер хабарласып, соғыста қайтқан сарбаздарды іздеуге барасың ба деп ұсыныс тастағаны. Бірден келістім. Себебі менің атамның 3 бауыры осы соғыста қаза тапты. Біз Отан қорғау жолында жанын құрбан еткендерді ешқашан ұмытпауымыз тиіс”. Оның еңбекқорлығының, ұйымдастырушылығының нәтижесінде Мерей ЖОББМ-де әскери-патриоттық музей ашылды. Музейде от пен өлімнің ортасынан шыққан тілсіз жәдігерлер (1000-ға жуық!) тұнып тұр, олар ерлік тарихынан сыр шертеді. Шұрық-тесік каскалар мен ұңғысына дейін балқып майысқан қаруларды мектеп оқушылары соңғы 15 жылда жер астынан тауып, шығарыпты. Ал, осы қару иелері, яғни шайқас кезінде көз жұмған сарбаздар қайта жерленген.

Сергей Владимировичтің айтуынша 10 оқушыдан құралған іздеу отряды жыл сайын сәуір айында 2007 жылдан бері Калужск, Твер, Новгород облыстарында және Кавказда халықаралық «Вахта Памяти» жобасына қатысып, барлығы 250 жауынгер сүйегін тауып, құрметпен қайта жерлеуге өз үлестерін қосқан. Ерлер етігімен қан кешкен майдан даласында әлі талай боздақтың сүйегі жатқаны мәлім. Іздеу отряды соңғы 5 жылында Қазақстан Республикасының Екінші дүние жүзілік





соғыс өрті тиген Жәнібек, Бөкей ордасы ауданында жұмыстанған. Сталинградқа жақын болғандықтан (200 шақырым) теміржол бойындағы Жәнібек, Сайхын, Шоңғай стансалары 1942 жылы 6 ай бойы күніне 3-4 рет жау ұшақтарының толассыз шабуылына ұшырап, үйлер қирап, бейбіт адамдар қаза тапқан. Жауынгерлер тиелген эшалондар жарылып, Еділ бойына жете алмай, көз жұмғандар бауырластар зиратына, жақын маңдағы разъездерге, бомба қазып кеткен шұңқырларға жерленген. Сол жылдары Шоңғай және Сайхин станцияларына 500-ден астам әуе бомбасы лақтырылған. 1942 жылдың қазан айында Владивостоктан Сталинградқа «Рязань-Орал» темір жолымен бара жатқан құрам әуе шабуылына тап болды. Осы шабуылдан 38 теңізші қаза тапқан. (Мұрағат құжаттарында бұдан да көп деген мәліметтер бар1.) Былтыр (мамыр, 2021 ж) іздеу отряды Сайхин поселкесінен 15 шақырымынан 365-ші Равнинный станциясының төңірегінен олардың 9-ның сүйегін тауып, қайта жерлеуге қатысты. Жалпы отряд қызметінің нәтижесінде 27 теңізші мен 16 кызылармияшылардың сүйегі табылған. Отряд құрамында ресейлік іздеуші Иван Поздняков болған. Ол С.Лапшинмен бірге

бірнеше жылдан бері Новгород облысынан соғыста қаза тапқан жауынгерлерді іздеу жұмысымен бірлесе жұмыстанған адам.

Биыл (2022 жылдың 17 мамыры) 80 жыл дегенде Бөкей ордасы ауданының аумағында қаза тапқан 9 теңіз жаяу әскерлерінің сүйегі жер қойнына тапсырылды. Бөкей ордасы ауданының әкімшілігі 51809 «Н» әскери бөлімі әскери қызметкерлері қайта жерлеу рәсімін, барлық құрметін жасай отырып өткізді.

«Біз бұл бағытта бес жылдан бері жұмыс істеп келеміз. 365-ші разъезден 9 жауынгерді тауып, барлығы 27 жауынгерді жер бетіне көтердік. Бірақ жұмыс жалғасады. Біз барлығын іздейміз», - дейді Мәншүк Мәметова атындағы іздестіру отрядының командирі Сергей Лапшин, - бара жатқанда балалар ойнап күліп, шетке шыққандарына қуанышты болады. Ал барған соң бірінші күні олар күрт өзгереді. Соғыс құрбандарының мәйіттерін тапқандағы көздеріне қарасаңыз. Тіпті танымай қаласыз. Сапардан есейіп, ой қосып қайтады. Әскери-патриоттық тәрбие беруде осындай шаралардың маңызы өте зор деп санаймын»

Жинақты, әр сөзін түйіндеп, нақты дәлелдермен келтіре сөйлейтін капитан әр сапарлары

қызықты оқиғаларға, көзге жас іркілтетін көріністерге, ғажайып жаңалыққа, ойға ой салып, тебірендіретін ақпараттарға толы болатындығын баяндайды. Қазір отряд тағы бір соғыс жарасының бетін ашуда. Ресей Федерациясының Малоярославецкий ауданы Кудиновский мектебінің музей жетекшісі Татьяна Жидкованың «Госпиталь в тылу» (Подвиг Пелагеи Брагиной) 2 деген мақаласының ізімен ондағы жауынгерлерді іздеумен шұғылданып жатыр.

Қысқаша баяндасам, мақала 1941 жылы қазанда Москваға апаратын Варшавский шоссе үшін жан аямас шайқас жүріп жатқан кезде қолға түскен 17 жауынгерді аман алып қалған батыр қыз - Пелагея Брагина туралы жазылған. Құрамында 12 000 жауынгері, оның ішінде 1700-і оралдықтар болған 312-і атқыштар дивизиясы (командирі, полковник Наумов Александр Фёдорович) Ақтөбеде құрылған. Шегінген кезде жау қолына тұтқынға түскен жаралы жауынгерлерлерді фашисттер шіркеуге қамап, жүре алатындарын айдап алып кеткен, ал ауыр жаралы, үмітсіздерді тағдыр тәлкегіне тастап кеткен екен. Мұны естіген 18 жастағы жап-жас қыз Пелагея бос тұрған сол селодағы Репиндер





үйіне жаралыларды тасып, ажалдан арашалаған. Ол оккупацияланған деревняда 74 күн бойы тәуекелге барып, оларды жан-тәнімен қорғаған. 1942 жылы 4 қаңтарында Қызыл Армия селоны жаудан азат етіп, «Поляның балаларын» госпитальға жөнелткен. Олардың көбі қайтадан қару алып соғысқа аттанғанда болар. Ал, Пелогияны тек 1965 жылы ғана еске алып, II дәрежелі Отан соғысы орденімен марапаттаған. Ер жүрек қыз жауынгерлердің аты-жөнін өз күнделігіне жазып сақтаған, онымен қазір Малоярославтық журналист Татьяна Жидкова айналысып жүр. Қазір «Маншүк Маметова» іздеу отряды олармен бірлесіп жұмыстануда.

Тізімде (мүмкін оқырмандардың да ауылдастары, жақындары болып қалар): Қадыр Султанов (1910), Ихмет Ирисметов (1924), Меньдығали Телегенов (1915), Айтуған Байсакалов (1914), Нурмуханмед Бухабаев (1905), Қалабай Абдрахманов (1905), Леонид Мелекесцев, Андрей Семенов, Илья Вайнштейн (1922), Георгий Огороков (1921), Иван Запотоцкий (1906), Василий Доколин (1905), Боковой, Василий Халтурин (1912), Филипп Азовсков (1906), Александр Бабкин (1902) Отряд қазір солардың жақындарын іздеп, фотоларын табумен жұмыстануда. Нәтижесі де бар: Азовсков

Филипп Серебряково ауылының тұрғыны екен, соғыстан аман келген. Ал, Қадыр Сұлтанов бұрынғы Камен ауданы, Чижа ауылының Қайрат бөлімшесінде тұрған. Артында екі ұлы қалған жауынгердің жалғыз фотосын тауып, өз еңбектерін қосуда.

«Мектеп оқулықтары мен тарихи еңбектерінде Бөкей ордасы мен Жәнібек аудандарының Сталинград, оңтүстік-батыс және Дон майдандарының жақын тылдағы рөлі туралы ақпарат жоқ. Біз архивтермен жұмыс істейміз. Батыс-қазақстандықтардың ерлік тарихы егжей - тегжейлі зерделеніп, материалдар жарияланды деп үміттенеміз», - деді Бірге жұмыстанған Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті - Елбасы атындағы Ұлттық Қорғаныс Университетінің 3 курс докторанты Алдабергенова Амангуль Мустафаевна.

Я, өлкеміздегі әскери-патриоттық бағытта жұмыс жасайтын «Маншүк Маметова» атындағы іздеу отрядының қызметі қазіргідей уақытта жас ұрпаққа үлгі, өнеге екені даусыз. Ел шетіне жау тисе, қиқулап атқа қонған, қасық қанын төгіп Отанды қорғап қалған жауынгерлердің сүйегі көмусіз қалмауға септігін тигізіп жүрген жандарға Алғыс айтып, жағымды жаңалықтар, табысты ізденістер тілейміз!



«Мектеп-кеме, білім-теңіз»



БИСЕНГАЛИЕВА Ж.С.
Ақсай қаласы №5 ЖОББМ-н
музей жетекшісі,
Бөрлі ауд., БҚО.

Аңдатпа

Мақалада Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданында бірінші ашылған мектеп тарихы, мектепті басқарған басшылары, алғаш әріп танытқан ұстаздары, үздік бітірген оқушылары туралы баяндалған.

Аннотация

В статье рассказывается об истории школы, открывшейся в Бурлинском районе Западно-Казахстанской области, о руководителях школы, учителях, окончивших школу с отличием.

Кілт сөздері: мектеп тарихы, ұстаз, қазақи, музей, үздік, жас ұрпақ

Күн санап ақпарат кеңістігі өркендей түскен заманда жас ұрпаққа сапалы білім беру мұғалімнің, ұжымның бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып жұмыс істеуін талап етеді. Осы орайда мектебіміздің бүгінгі бет-бейнесін жаңа қырынан көрсетіп келе жатқан «Ақсай қаласы №5 жалпы орта білім беретін мектебі» Бөрлі ауданы, Ақсай қаласында орналасқан. Мектебіміздің де іргетасы 1934 жылы теміржол құрылысымен бірге қаланды. Мектеп алғашында «Қазақстан» бекетіндегі үлкен ғимарат болып есептелген 12-ші үйде орналасты. 1938 жылы екі қабатты №46 мектеп құрылысы аяқтала салысымен 12-ші үйден жаңа ғимаратқа көшті. Мектепте 8 мұғалім қызмет етіп, 100-ден астам оқушылар оқыды. Алғашқы мектеп басшысы болып Батулин Сергей Иванович тағайындалды. Алғашқы түлектері 1938 жылы 7 жылдық білім алып шықты. Ал 1941 жылы мектеп 10 жылдық болды. Аудандық білім беру бөлімінің 1959 жылғы 15 сәуірдегі бұйрығымен №46 мектеп №523 мектеп, 1977 жылдың 5-ші тамызында №523 мектеп №69 мектеп, 1997 жылдың наурыз айынан бастап №69 мектеп Ақсай қаласының №5 ЖОББМ өзгертілді.

Осындай тарихы мол мектепті кімдер басқарғанына ой жүгіртіп қарасақ:

1939 – С.И. Батулин
1939 – 1940 – Н.Н. Шохин
1940 – 1942 – Я.М. Инночкин
1942 – 1943 – Н.И. Бычинский
1943 – 1950 – Г.П. Махаев
1950 – 1951 – Я.З. Корле
1951 – 1955 – Ф.С. Матрахин
1955 – 1960 – И.Г. Юриков
1960 – 1987 – Я.И. Бурлуцкий
1987 – 2013- В.Г. Лилекова
2013 – 2020 Н.Н. Проскрязова
2020 ж. бастап Г.Т. Сембиева.

1992 жылы алғаш рет мектепте қазақ сыныбы ашылды. Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Нугманова Жанна Бидалиевна жол бастап, келген ата-аналармен сөйлесіп, алғашқы қазақ сыныбына оқушы жинай бастады. Әрине, бұл бастаманы қолдайтын да, қарсы пікір айтатын да адамдар көп болды. Ешкімнің сөзіне құлақ аспай Ж.Б.Нугманова бастаған ісін аяғына дейін жеткізді. Сол 1992 жылы, қолдарына бір шоқ гүл ұстап, алғашқы қазақ сыныбының оқушылары мектеп табалдырығын аттап кірді. Барлығы 15 бүлдіршін жиналып, сабақ басталып кетті. Көптеген жұмыс атқарылды, сонымен қатар қиындықтар да кездесті. Бастауыш сынып

мұғалімі болмағандықтан, мектеп жанашыры Ж.Б.Нугманова өзі сол оқушыларды қолынан жетектеп партаға отырғызды. Оқушылар қолдарына «Әліппе» кітабын ұстап, алғаш әріп үйрене бастаған кезде, орнына жас мамандар келе бастады. Бастауыш сынып мұғалімдері Камшат Едигеевна, Жансұлу Кубаевна атты ұстаздар келіп, балаларды білім нәрімен сусындатып қана қоймай, қазақи тәрбие бере бастады. Сондай-ақ, ата-аналармен де жұмыс жүргізіліп, қазақтың ұлттық салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары жаңғыртыла бастады. Мектепте қазақтың иісі шығып, ұлттық нақышта киім киіліп, тілектер айтылды.

1996 жылы ең ауыр, әрі қиын кезең болды. Сол жылы мектептің материалдық жағдайы нашарлады. Мектептің іші салқын болып, ата-аналар балаларды басқа мектепке көшіре бастады. Ұстаздарға 7 айға дейін жалақы төленбеді, дегенмен мектеп ұжымы осы қиындықты ұйымшылдықпен жеңе білді. Аудандық білім беру бөлімінің бұйрығымен 1997 жылдың наурыз айынан бастап «Қазақстан бекетінің №69 орта мектебі» Ақсай қаласының №5 ЖОББМ болып өзгертілді. Осы жылдың жаз айынан бастап мектеп интернаты жұмысын қайта жаңғырта бастады. Сол жылдан бастап мектеп өмірі жақсы жаққа өзгере бастады. Мектеп қабырғасында аудандық семинарлар, спорттық шаралар, түрлі байқаулар өткізіле бастады. Мектеп «Жайық толқыны-97» жарысында аудандық және облыстық кезеңде I орынды иеленді. 1997 жылы алғаш рет аудандық «Жыл мұғалімі» байқауына қатысып 16 сайыскердің арасынан біздің И.А.Карагодина 4 орын иеленді. 1998 жылы аудандық «Жыл мұғалімі» байқауына Н.М.Ильясов қатысып, II орынды иеленді. Мектеп тарихында тағы да ерекше оқиға 1999 жылы С.А.Проскряков аудандық «Жыл мұғалімі» байқауында I, облыстық кезеңінде III орынды иеленді. 2001 жылы аудандық «Жыл мұғалімі» байқауында Н.У.Утепова II орынға ие болды. 2017 жылы аудандық «Үздік педагог» байқауына Г.А.Диярова қатысып, II орынға ие болды. 2019 жылы аудандық «Үздік педагог» байқауына Л.С.Акашаева қатысып I орын, облыс көлемінде III орынға ие болды.

1999 жылы мектепте компьютерлік сыныбы ашылып, меңгерушісі С.Н.Изотова болып тағайындалды. Ұстаздар компьютерді жаппай меңгеріп, қызықты және танымдық сабақтар бере бастады. Олардың қатарында:

В.Г.Лилекова, С.Н.Бимагамбетова, Г.К.Канат-

баева, Н.И.Иртекеева, А.А.Дарисова, О.Б.Галиаскарова, Т.И.Кирпа, В.В.Гончар, Г.К.Абе-кенова, Г.А.Ваховская, Р.Е.Аликешева, М.Ф.Зи-новьева, А.А.Светличная, А.Мурзагалиева, В.В.Беликина, В.Г.Игонина, Ю.Б. Лилеков, И.В.Лесовая, В.В.Посканная, Н.У.Утепова, А.Х.Кенжалиева, Т.А.Нугманова, О.А.Борисова, М.С.Вовк, Г.А.Диярова, Н.Н.Нукаева, С.А.Сул-танбекова, Х.Б.Тасбулатов, Ш.Г.Доскалиева, В.Н.Шпанюк, И.М.Байтымова, Н.Н. Про-скрякова, Т.Г.Коваленко, Л.С.Акашаева, Р.Н.Ер-жангалиева, Ж.М. Аманбаева және т.б. 2003 жылы қазақ сыныптарының тұңғыш түлектері қанат қағып ұядан ұшты.

Жыл сайыне мектеп өркендеп, оқушылар саны да көбейді. Мектепте кабинет жетіспеуіне байланысты жаңа мектеп салу мәселесі көтерілді. Сөйтіп, 2009 жылы мектепке жаңа ғимарат тұрғызылды.

Музей – елдің тарихын, мәдениетін және өркениетін айғақтауда маңызды рөл атқаратын тәрбиелік орын. Мектебімізде «Мұрагер» тарихи өлкетану музейі жұмыс атқарып келеді. Онда 400-ден астам жәдігер жинақталған.

2013 жылы мектеп басшысы лауазымына Н.Н.Проскрякова тағайындалды. Мектеп әкімшілігі Г.К.Канатбаева, А.А.Дарисова, Н.М.Нукаева, О.Б.Галиаскарова, Д.А.Акбасова топ болып, ұйымшылдықпен жұмыс атқара бастады. Оларды қолдайтын А.Е.Насретденова, А.Е.Тлегенова, Ж.Р.Игильманова, Т.И.Гурен-ко, Т.Е.Кенжегарина, Г.А.Дуйсенова, Ш.А.Гусмангалиева, Л.В.Пуковская, Л.Я.Кайль, К.Х.Айжарикова, Д.С.Кусайнова, Л.С.Еска-лиева, т.б.

2014 жылы мектеп кезекті аттестаттаудан сәтті өтті. Оқушылар түрлі байқауларға, спорттық жарыстарға қатысып, мектеп деңгейі көтеріліп келе жатыр. Мектеп ұжымы жасарып келеді, мамандармен толық қамтылған. «Жас келсе іске дегендей» мектеп заманауи өзгерістерге толы болды. Түрлі челленджер мен вебинарлар өткізіліп келеді. Белсенді жастардың арасында З.А.Ерекешева, Ж.С.Бисенгалиева, И.А.Тулешева, Ж.Ж.Гильманова, Г.Ж.Алиаскар, М.Е.Уразгалиева, М.М.Мухамбетова, А.Т.Тенизова, А.В.Смагина, К.Е.Абрашева, Ф.Д.Гусманова, С.А.Акбалеев, Т.А.Мергенбаев, С.М.Уринбаева, М.С.Муфтиева, Л.Б.Ильясова, А.Т. Даулеткалиева т.б.

2020 жылдың 1-ші қыркүйегінен бастап мектепті Г.Т.Сембиева басқарып келеді. Тағылымды тарихы бар біздің білім ордасында тәуелсіздік алған жылдан бастап осы жылға



дейін «Алтын белгі», «Күміс белгі», «Үздік аттестат», «Ерекше аттестат» иеленіп, мектептің атын шығарған оқушыларымыз баршылық. Бұл әрине, оқушының еңбегі, ізденісі. Мектеп табалдырығын аттаған сәттен

11-сыныпқа дейін үздік оқып, аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық дәрежедегі сайыстарда топ жарған мектептің мақтаныштары, қала берді ауданға танылған талапты жастар.

Атап айтсақ, «Алтын белгі» иегерлері:

1992 ж. Мартынюк Наталья Яковлевна, 1996 ж. Долгополова Ольга Владимировна, Шкуринская Елена Валентиновна, 1997 ж. Құжахметова Сара, Сарғужиева Айгерім, Тлеубергеновна Бауыржановна, 2007 ж. Киматов Бауыржан Хитарович, 2010 ж. Бердалиев Еркебулан Мейрамбекович, 2011 ж. Кемешова Аязоз Амангельдиевна, 2016ж. Асанов Тахир Болатович, 2018 ж. Нугманова Алтынай Аяқалиевна, 2019 ж. Безотосная Олеся Александровна, Плахотная Олеся Сергеевна, 2021 ж. Байтымова Дарья Владимировна, Давлетгалеева Малика Кайратовна.

Күміс белгі иегерлері:

1991 ж. Жақупова Анжела Павловна, Чернышко Сергей Васильевич, 1992 ж. Будник Оксана Николаевна

Ерекше аттестат иегерлері:

1993 ж. Шектебаева Гүльнара Ишбулатовна, 1994 ж. Силюкова Ирина Юрьевна, Гончар Людмила Николаевна, 1998 ж. Савичева Ирина Владимировна, Шпанюк Василий Николаевич, Ганенко Ирина Владимировна, 1999 ж. Имангазиева Алмагүль Сейлехановна, Попков Александр Николаевич. 2000 ж. Мирошниченко Ольга Николаевна, Баймуханова Эльмира Амангельдиевна, Жанабаева Динара Балғалиевна, 2001 ж. Черевичная Елена Петровна, 2002ж. Бурундукова Виктория Владимировна, 2003 ж. Бижанова Индира Аскаровна.

Үздік аттестат иегерлері:

2012 ж. Батыров Айсағат Нурбаевич, 2015 ж. Қусманғалиева Улдай Турсынғалиқызы, Альжанов Амир Нигметович, 2016 ж. Нияр Гаухар Әлібекқызы, Кенжалиева Камила Азаматовна, 2017 ж. Искаирова Жаркынай Асановна, Апиева Асель Ермековна, 2018 ж. Аленова Данеля Сериковна, 2021 ж. Төлепова Қазира Нұрболатқызы.



«Мемлекеттік рәміздер – Тәуелсіздіктің рухани құндылығы»



КҰСПАНОВА Г.Ж.
ОБЖТЖЭО-ның кітапханашысы,
Орал қ., БҚО

Аңдатпа

Мақалада Азаматтыққа және отансүйгіштікке, өз Отаны – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін құрметтеуді қалыптастыру және мәні мен маңызын шығу тарихын түсіндіру, мемлекеттік рәміздер туралы білімдерін тереңдете отырып, саяси сауаттылықтарын арттыру арқылы ұлттық мақтанышымыз екенін ұғыну. Мемлекеттік рәміздерді құрметтей алатын, ұлттық сана-сезімі қалыптасқан жеке тұлға дамытуға жағдай туғызу патриоттыққа тәрбиелеу.

Аннотация

В статье рассматривается вопрос воспитания гражданственности и патриотизма, любви к своей Родине – Республике Казахстан, формирования уважения к государственным символам Республики Казахстан и разъяснения истории происхождения их сущности и значения, осознания своей национальной гордости через углубление знаний о государственных символах, повышение политической грамотности. Создание условий для развития личности, способной уважать государственные символы, сформированного национального самосознания.

Кілт сөздері: әнұран, ту, елтаңба, рәміздер, көкбөрі, таңба, тәуелсіз, рухани құндылық.

Көк бөрідей киесі бар, көк түріктей иесі бар
Қазақ халқы небір қилы заман алмағайып
аласапыранынан аман өтіп, талай «тар жол
тайғақ кешуді» бастан өткеріп, асыл арманның
шындыққа айналған, Егеменді ел атанған күнге
де бүгін міне, 30 жылдың белесінен асып барады.

Көне түркі дәуірлерін айтпағанда бергі XV
ғасырдағы Қазақ хандығының да өз байрағы,
байтағы, шекарасы болған тарихта таңбаны
пайдалану дәстүрі ежелден көне түркі заманында
ру пайда болғанын тарихи деректер дәлелдейді.
Көшпелілер ортасында бір тайпадан екінші
тайпа бөлініп шыққанда ең әуелі азан шақырып,
ат қоюмен бірге киелі төрт қанатты туын көтере
дүниені дүбірлетіп ұранын шақырып, алты
алашқа паш етіп, таңбасын белгілеп сол таңбаға
қарап елін айыру мүмкін болған. Бұл дәстүр
ұрпақтан - ұрпаққа жалғасып отырған. Осы
зерттеумен айналысатын ғылым саласы елтаңба

және тутану өмірге келгелі бірнеше ғасыр
болды. «Герб» деген термин немістің «erbe»
(мұра) «Ербо» деген сөзінен шығып бұл ұғым
өз тілімізде «Таңба» деген мағынаны білдіреді.
Тарих тәжірбиесі – ұрпақтардың кешегісі мен
бүгінгісінің ең асыл, сүбелі нағыз прогрессшіл
қасиеттерін біріне бірін жалғастырып отыратын
өмір эстафетасы.

Кең байтақ көз жетпейтін елім менің,

Таулы орман, жасыл жайлау көлім менің.

Бүгінде бар әлемге даңқы жетті,

«Тәуелсіз Қазақстан – елім менің» дегендей,
«Қоғамда Қазақстан – біздің Отанымыз, бұл
ұғымға көп нәрсе кіреді деген қарапайым ойды
қалыптастыру керек» - деп Тұңғыш Елбасының
сөзі терең ойдан туындаған яғни, қай ұлттан
шыққанына қарамай, әрбір азаматтың парызы
ең алдымен, біздің ортақ үйіміздегі достық пен
келісім ахуалын қолдауы.



Кешегі кеңестік дәуірде де одақтас республикалардың бірі ретінде кеңестік Қазақстанның туы, елтаңбасы, әнұраны болды. Еліміз толық тәуелсіздікке 1991 жылы ғана қол жеткізіп қазақ мемлекеті өз алдымызға егеменді ел болғаннан кейін әлемдік қауымдастық қазақ елін дербес мелекет ретінде тани бастады. ҚР Тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев қол қойған күннен бастап конституциялық заңдармен алғаш рет тәуелсіз еліміздің Туы, Елтаңбасы бекітіліп және 1992 жылы 11 желтоқсанында мемлекеттік Әнұранымыз жазылып, мемлекеттік рәміздеріміз елдігіміздің айғағына айналды. 2004 жылғы №837 Жарлығына сәйкес, республикамызда 4 маусым «Мемлекеттік рәміздер күні» мерекесі болып бекітілгеннен бері жыл сайын рәміздер күні аталып өтіліп келеді. Бұл мерекенің әр қазақ елінде тұрып жатырған әрбір азаматтың жүрегінде Отанына деген сүйіспеншілікті, өз еліне деген мақтаныш сезімін оятуда маңызы зор. Осы рәміздердің түп-төркінін де ұлттық рухты көтеру, ізгілікті арттыру, әр адамның кеудесінде отанға деген «іңкәрлік сезімді ұялату жатқаны анық. Рәміздеріне қарап олардың тарихын, мәдениетін дінін, тілін, дәстүрін, барлық құндылықтарын білуге болады. Мемлекеттік рәміздер еліміз үшін, мемлекет үшін ең баға жетпес қазына, таусылмас байлық. Бұл байлықты әрбір «мен қазақпын» деген азамат ардақ тұту

қажет. Рәміздер Қазақстан Республикасының ажырамас бөлігі, айқын бейнесі. Рәміздердің әрқайсысының шығу тарихы бар. Бұл Қазақстанның қаншама ғасырлар бойы аңсап күткен тәуелсіздікке қол жеткізгенін паш ететін киелі қазына. Еркіндікке ұмтылған қай ел, қай халық та өз даусымен сөйлеуді, өз үнімен жар салуды армандайды.

Еліміздің ежелден аңсаған Тәуелсіздігіне қол жеткізіп, қазақ ұлтының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпының қайта жаңғыруы, мемлекеттік рәміздердің бекітілуі болашақ дамуға бет алған егемен еліміз үшін ерекше құбылыс. Ия биылғы қазақ елі үшін ең қуантарлық Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің қабылданғанына 30 жыл толуы. Осы айтулы мерекеге орай рәміздерді құрметтеу мақсатында «Мемлекеттік рәміздер –Тәуелсіздіктің рухани құндылығы» атты патриоттық-салтанатты шарасы өтті.

Салтанатты-патриоттық шарада ең алдымен әуелеген әнұран «Менің Қазақстаным!» патриоттық салтанатты әні шырқалып мерекеге құттықтау лебіз айтылды.

«Мемлекеттік рәміздер – ел негізі» атты көрмесі және «Ел абыройы: Ту, Елтаңба, Әнұран» атты тақырыбында библио-викторина ұйымдастырылды.

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік

рәміздер күні қай жылы, қай айда қабылданды және тудағы көк түс қандай мағына білдіреді?

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туының авторы кім, туған жылы қай жерде дүниеге келген?

3. Қазақстандық альпинист Мақсұт Жұмаев Қазақстан туын ең алғаш қай жылы қай шыңға орнатты? Туды зерттейтін ғылымды қалай атаймыз?

4. Қазақстандағы ең үлкен ту еліміздің қай қаласында қандай алаңда қай жылы орналасқан және биіктігі неше метр?

5. ҚР Елтаңбасының авторларын атаңыз және қай облыста дүниеге келген? Мемлекеттік Елтаңбасының бейнесін қайдан көруге болады?

6. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасын сипаттап беріңіз/ ҚР Мемлекеттік елтаңбасы- дөңгелек нысанды және көгілдір түс аясындағы шаңырақ түрінде бейнеленген, шаңырақты айнала күн сәулесіндей тарап уықтар шаншылған.

7. Қай жылы ҚР Конституциясында рәміздер күні қабылданды және қай бөлімінде рәміздерді пайдалану, құрметтеу туралы айтылған. Елтаңбаны зерттейтін ғылым қалай аталады?

8. Қазақстанның елтаңбасын құрастыруда авторлардың қанша жобасы ұсынылды және елтаңба конкурсының сыйақысы қанша болды. Елтаңбадағы шаңырақтың астындағы екі сызық қалай аталады

9. Мемлекеттік әнұранның әнін жазған әйгілі композитор кім? Алғашқы патриоттық ән қалай аталды және Әнұран неше рет ауыстырылды және қай жылы?

10. «Әнұран» терминінің өзі нені білдіреді және әнұран орындалған кезде қандай тәртіп болуы керек?

11. Әнұран дегеніміз не? «Менің Қазақстаным» патриоттық әнді алғаш орындаған әнші кім?

12. Рәміз дегеніміз не? ҚР-ның Әнұранындағы «Ежелден ер деген, Даңқымыз шықты ғой» деген сөздер қай қатарда?

Мерекеге орай «Күй – құдірет, күй – ұран. Күй қазақтың жаны» деп, нақышына орындалған күй тыңдалып, әсем ән шырқалды.

Қазақ елі ұлан - байтақ. Бір қиырынан екінші қиырына дейін ұшқан құстың қанаты талып, жортқан аңның тұяғы шағылған деп суреттеледі аңыздарда. Тәуелсіздігіміздің тұмарына айналған мемлекеттік рәміздер – ел мақтанышы. Әр азамат үшін Әнұран, Ту, Елтаңба – ұлттық асқақ рухын паш ететін қастерлі ұғым. Әсіресе,

әлемдік додаларда желбіреген көк байрақтың орны ерекше. Көк аспан түсті Туымыз, айбынды Елтаңбамыз, асқақ Әнұранымыз – баға жетпес асыл құндылықтарымыз. Осы құндылықтарымызды жас ұрпақтың санасына отаншылдық сезімді сіңіру, патриоттыққа тәрбиелеу – әр азамат пен азаматшаның басты мақсаты перзенттік парызы болуы керек. Жоғарыда айтылғандай, мемлекеттік рәміз бойынша елімізді тануға және оны бүкіл әлемге танытуға болады, өйткені онда халқымыздың бүкіл бастан кешкен тарихы, бүтіндей мәдениеті жатыр.

Өзіміздің жерімізді, рәміздерімізді, Отанымызды құрметтеуге және патриоттық сезімімізді нығайта түсуге тырысайық!

Туған жер киелі ұғымды әр қазақстандық құрмет тұтуға, оны қастерлеуге міндетті екенін ұмытпайық.

Шарамызды қорытсақ, Туымыз, Елтаңбамыз, Әнұранымыз бүкіл халқымызды жұмылдырып, рухтандырып тұрады. Сондықтан мемлекеттік рәміздерді қастерлеу азаматтарымыз үшін басты міндет болып табылуы тиіс. Сондай – ақ ұлтаралық татулық пен бейбітшілікті насихаттау жолында және мемлекетіміздің әлемдік деңгейде танылып өзіне тән белгілерімен дамыған елдер қатарынан орын алуы үшін төл нышандарымыздың атқаратын қызметі айрықша.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің қалыптасу тарихы.//Астана, 2012 ж. 5-7 б.б.

2. «Егемен Қазақстан» газеті, 02.06.2017 ж 5 б.

3. Е.Шаймерденов «Елтаңбамыз»- Алматы, 2005 ж. 109-110 б.б.

4. Ж.Мәлібекұлы «Елтаңбаның ел білмейтін құпиялары»//«Айқын газеті» 2010 ж 10.06. 5 б.

5. Е.Шаймерденов «ҚР мемлекеттік рәміздері» - Алматы, 2002 ж. 72 б.

6. Е.Бабақұмаров, А.Қырықбаев «Қазақстан халқының мемлекеттік рәміздерге деген көзқарасы» Саясат» журналы, №7, 2007 ж 60-62 б.б.

7. М.Мағауин. Қазақ тарихының әліппесі. Аляты, «Қазақстан», 1995. 57б.

8. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы, // Егемен Қазақстан 12.04.2017 ж.



«Менің кіші - Отаным» тарихи-өлкетану экспедициясының күнделігі



ШУЙНШКАЛИЕВ Р. А.
аудандық ЖТС-ның туризм бөлімінің
менгерушісі, экспедиция жетекшісі,
Сырым ауд. БҚО

Аңдатпа

Мақалада Батыс Қазақстан облысы Сырым аудандық «Менің кіші Отаным» жобасы аясында «Шежірелі өлкенің тарихын түгендеу» атты тарихи-өлкетану экспедициясы қызметін көрсететін 2-ші кезеңінің күнделігі берілген. Үш кезеңнен тұратын күнделікте өлкенің тарихын анықтау, зерттеу мәселелері, ел арасында айтылып жүрген аңыздарды өлкетанулық ізденістермен салыстыра қарастырылған. Күнделік жазбаларын қосымша білім беру педагогтары экспедициялар ұйымдастырғанда басшылыққа алуға болады.

Аннотация

В статье представлен дневник 2-го этапа деятельности историко – краеведческой экспедиции «Шежірелі өлкенің тарихын түгендеу» в рамках проекта «Моя малая Родина» Сырымского района Западно-Казахстанской области. В записях описываются вопросы изучения, исследования истории края, а также рассматривается сравнение с краеведческими поисками сказаний, передаваемых из поколения в поколение. Дневниковыми Записями можно руководствоваться при организации экспедиции педагогами дополнительного образования.

Кілт сөздері: Жымпиты, Жырақұдық, Қособа, Қосарал, Жетікөл, Шағырлы ой, Жаңақоныс, Көздігара, Бұлдырты, Сарықұм, Омар би Қазыұлы, Шошақ мола, Жанақ Ақбай жайлауы, Ыдырыс қорымы, Қоға, Ақтанжас.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеу аясында «Өзгерістер жолы: Әркімге лайықты өмір», «Nur Otan» партиясының сайлау алды бағдарламаларын жүзеге асыру бойынша әрбір ауданның жол карталарында бекітілген іс-шаралар негізінде «Менің кіші – Отаным» экспедицияның II кезеңі 2021 жылдың 1-2 маусым күндері аралығында ұйымдастырылды. Тарихи-танымдық экспедициясының екінші



кезеңі Жымпиты - Жырақұдық - Қособа – Қосарал – Жетікөл - Шағырлы ой – Жаңақоныс – Көздіғара – Бұлдырты - Жымпиты бағытында жүріліп өтілді.

Бірінші күн. Жымпиты - Жырақұдық - Қособа – Қосарал – Жетікөл

1 маусым 2021 жыл

Маусымның алғашқы күндері экспедициямыздың екінші кезеңіне жолға шықтық.

10:30. экспедиция мүшелері толық құраммен «Жас туристер» станциясына жиналды. Барлығымыз 12. Жымпитыдан шығып, сағат

11.30-да Жыра-құдықта болдық. Кейін Қособаға бардық. Бізді ауыл әкімі Бейімбет Жайманов пен мектеп ди-ректоры Жансұлтан Нұрмаханов қарсы алды. Ауыл ақсақалдарын іздестіре жүріп, ардагер ұстаз Юнус Раймов ағайды таптық. Юнус Райымов ауыл маңындағы қос обаға дейін апарды. Ол жерде көптеген тарихи деректермен, оқиға негіздеріне тоқталып, көптеген тарихи оқиғаларды естідік. Өкініштісі, Болғанбай мен Есбол қорымы туралы және олардың орындарын көрсететін адамдар табылмады. Түскі асты сәл кешігіп Жырақұдықтан іштік.

14:00. Жетікөл округінің территориясына еніп келеміз. Бұл мекен Сырым батырдың жайлауы болған кейіннен батыр ұрпақтарының ата қонысына айналған. Округ аумағында зерттеуді талап ететін бар құпиясын ішіне бүккен ғаламат орындар жетерлік. Ауыл маңын аралау үшін



алыстан келдік деп, ауылдың ақсақалдарын әуреге салған жоқпыз. Барған жерімізде жөн біледі деп көп жасаған адам іздейтін едік, бірақ бұл аймаққа келгенде ол стереотиптің күлталқаны шықты. «Қатқан қақты уатып» жіберген 16 жасар Ердаулет деген жігіт. Жерінің ойқырқасын, өзен-жырасын, соры мен даласын, көлі мен ағашын бес саусағындай білетін жас өркенді сол өңірдің шырақшысы десек те жарасады.

14:20. Қара жолмен жүйткіген ақбозымыз жарты сағаттың төңірегіне Ердаулеттің жолбастаушы болуымен Сарықұм деген жерге алып келді. Дала зонасын қақ төрінде, сапсары құм жатыр. Құдды бір Сахара шөлі сол өңірден өзінің филиалын ашып қойғандай. Басты ерекшелігі бұл ғана емес. Бұл құмда адам сүйектері жер бетіне шығып жатыр. Иә, кәдімгі





адам сүйегі ағараңдап, сары құмның біркелкі түсін бұзып тұр. Жапсарлас жатқан жетікөлдік жамағат сүйектерді арулап, басқа жерге апарып көмгенімен, құм жел тұрып сусығанда басқа қаңқалар қылтиып шығып қала беретіндіктен әзірге істерін тоқтатыпты. Бұл жерде ежелде шапқыншылық болып өлтірілгендер көмусіз қалған деген бір жорамал яки оба кезінде бақиға аттанғандарды әкеліп осы жерге көмген деген екінші жорамал бар. Бірінші жорамал осы жердегі көрініске келеді-ау деген ойға оралдық, себебі аталған аумақтан қылыш, қанжар сынды қару-жарақ, тұрмыстық бұйымдар табылған. Сүйектердің қай ғасырға тән екенін білмедік. Оны арнайы осы саламен айналысатын адамдар анықтаса жөн болар.

14:50. Сырым батыр немересі Омар би Қазыұлының басына келдік. Кезінде Үкі бидің үмітін сөндірмей, әкесімен жастас адамның көңілін тауып, елімен есендестірген би асылдың сынығы екені күмәнсіз. Бидің мазарын Орынбордан арнайы әкелген қарағаймен көтерген, кейіннен 2007 жылы шөбересі Жауһар Әбілқадырқызы сыртын қызыл кірпішпен жаңғыртқан екен.

15:20. Дархан даланы иесіндей 7-8 метр биіктіктен жалғыз өзі алысқа көз сүзіп тұрған Қаржау ағашқа келдік. Қасындағы құдықтан шөлімізді қандырып, жолымызды әрі қарай жалғастырдық.

15:40. Айдарсор. Керемет! Шыны керек, мұндай ғажапты бұрын соңды көргенім жоқ. Шамам жеткенше сипаттайын. Үлкен сор.

Жағалауы ақ ұлпадай. Судың түсі алқызыл (розовый) Сенесің бе, Карл, алқызыл! Былтыр жыл ашылуы болған, әлемді аузына қаратқан Көбейтұзды білесіздер ғой, міне сондай көлдің көзіндей, көзін қоя тұрыңызшы өзіндей табиғаттың тартуы біздің жерімізде де бар екен. Нақтырақ Жетікөлде! Тұз айы уақытында алыс-жақын аймақтарды былай қойғанда, көршілес Ресей елінен туристер келіп ем болсын деп суына түсіп, балшығына батып, тұзына күйіп кетеді екен. Алдағы уақытта жолыңыз түссе міндетті түрде аталған жерге барыңыз. Тәңірдің бізге берген кезекті сүйкімді сыйын қадіріне жетіп, бағасын асқақтату ендігі біз бен сіздің қолдағы іс. Сондықтан, барымызды бағалай білейік.

Алған әсерден шығалмай келеміз. Бұл аймақта Айдарсордан басқа да сорлар бар, ең үлкені осы Айдарсор.

16:20. Сырым батырдың сарқыты, асылдың тұяғы Қазы би Сырымұлының мазарына келдік.





Қазы би өз кезінде атағы шыққан батыр, би болған. Әкесі Сырымның қазасына бір жыл толғанда, байбақты елі Қазыны би қылып, астына ат мінгізіпті. «Сұлтан правительдің тайдыруды (өлтіруді) сұрауына қарағанда Қазы да хан, сұлтандарға, сатқын болыс, байларға жайлы тимеген, оның күресін өз күшімен тыюға правительдің күші жетпеген болуы керек. Архивтегі тарихи осындай деректерге қарағанда 1838 жылдан 1862 жылға дейін Қазының үстінен арыз бен тексеру үзілмеген», - деп ғалым Б. Адамбаев дәлелді сөз айтады, соған қарағанда Қазы да әкесіне ұқсап, ел мұңын мұңдаған, қазағын қолдаған ерен ер болса керек. Жетікөлдік жұртшылық мазардың айналасын қоршап, мал тапауынан аман қылып қалғанына разы болдық. Жалпы Жетікөл жеріндегі барлық дерлік атаулы мазарлар қоршалған, қоқыс қалдықтарынан тазартылған. Әр ауылдық округтер де бұл бастаманы дәстүр қылып алса, нұр үстіне нұр болар еді.

18:40. Жетікөл жеріндегі күйлі қалпын әлі күнге дейін жоғалтпаған Шошақ мола кесенесіне келдік. Әдемі өрілген аңызға құлақ түрсек, атадан аманат болған эпсана бүй дейді: «Осы өңірде малы мыңғырған бір бай өмір сүріпті. Әлгі бай олай-бұлай болып кетсем, мені осы молаға жерлендер деп төбе басына биік қылып мола соқтырыпты. Моланың кірпішін дайындау үшін сазды осы маңнан 3-4 шақырымдағы Ақоба жерінен тасытыпты. Байдың жалшылары қаз-



қатар тізіліп тұрып, саз кірпішті қолдан-қолға беріп жеткізген деседі. Бірақ байдың дегені болмайды. Айдай сұлу қызы кенеттен дүние салып, бай салғызған шошақ мола сол қызына бұйырады. Ал байдың қайда қалғанын ешкім білмейді екен... Қазіргі биіктігі шамамен 4,5-5 метрдей, алыстан мен мұндалап көрінетін кесене саз балшықтан иленген шикі кірпіштен қаланған құрылыс екен. Төменгі бөлігі 4x4 метр болып келеді, 2 метрдей биіктікке дейін төрт қырлы болып қаланып келіп, әрі қарай тік күмбез (конус) пішінге ауысқан. Жоғарыда, батыс беті мен шығысында ауа кіретін терезе, құбыла бетінде есік қалдырылған. Қабырғасының қалыңдығы 1 метрден артығырақ. Ең биік төбесі құлаған.

Енді кесене алдындағы құлпытасқа келейік. Жер бетіндегі биіктігі – 1,5 метрдей. Ескі араб әрпімен жазылған мәтін құлпытастың үш қырына орналастырылған. 20.00. Осымен екінші кезеңнің бірінші күні аяқталды.

Екінші күн. Шағырлыой – Жаңақоныс – Көздіғара – Бұлдырты - Жымпиты

2 маусым 2021 жыл

08.00 Сарой ауылдық округі. 8.30. Сынықшылығымен аты шыққан Қыдыр ата басындамыз. Ата басына құран бағыштағаннан кейін Жанақ Ақбай жайлауы арқылы Ыдырыс қорымы аталатын жерге жол жүріп барамыз. Бұндағы Жанақ Ақбай деген кісі өңірімізге танымал тарихшы, өлкетанушы Жайсаң Ақбай ағамыздың атасы. 10.00. Ыдырыс қорымы – Сырым ауданы, Сарыой ауылдық округінде орналасқан орын. Бұл зират осы жерде мекен еткен Сырым ұрпағы Ыдырыс байдың атымен аталған. Бұл қауымда Дат ұрпақтары жерленген. Ыдырыс зиратының осы күнге шейін бұзылмай сақталуының бір себебі, жылқының қылы араластырылған балшықтан жасалғандығы. Сонымен қатар, Ыдырыстың өзі туралы, оның



аруақтылығы жайлы жиі айтылады. 11.00. Көздіғара бағытындағы Қоға аталатын жерге келдік. Мәлке руының Халиуллин Орақ ағай, Көздіғарада тұрып жатқан 10-шы ұрпақ. Ескі атауы Жарқамыс. Биік жарлы қамыс өсуіне байланысты атауы қойылған. Су шыққан бұлақтың көзіне – Көздіғара деп екінші атауы қойылған. Бұл жерде «Жәдік мешіті» деген мешіт болған. Және де бұл мешітте имам болған молдалардың барлығы осы өңірдегі қорымда жерленген. Зираттары арнайы алдыртылған қарағай ағашынан жасалған. Кейіннен бұл жерде дала өрті болып, барлығы жалын астында қалған. Қазір қорымда төте немесе арабша қаріппен жазылған құлпытастар қалған. Бұл мекендегі

біз байқаған тағы бір эксклюзивті дүние – ол, құрамы құлпытастың тасымен бірдей арнайы текшелініп жиналған тас бөліктері. Мүмкін алыстан алдыртып, арнайы құлпытас жасау үшін жиналған болар деп топшыладық. Аталған мешіттің ең соңғы имамы Өтеғұл Жұмағазиев деген кісі болған. Мәлке руының Жәдік бөлімінен шыққан. 1938 жылы 12 шілдеде УНКВД-ның төтенше үштігінің шешімімен негізсіз қамалып, 30.09.1938 жылы ең ауыр ату жазасына кесілген. Кейіннен қылмыс белгілері дәйексіз болып, 1971 жылы 24 - қарашада ақталған.

12.00. Тағы бір қорымға келдік. 4-5 құлпытас жартылай жер астына енген құмды алқап, кезінде әулиелігімен аты шыққан Ақтанжас ата жатқан жер екен.

13.30. Көздіғара елді мекеніне қарасты Қызыл мешіт орналасқан жерге келдік. Бұл мешіттің орны да басқа өңірдегі мешіттердікімен бірдей.

16.00. Бұлдырты ауылына келдік. Бұлдырты ауылы аумағында жоғарғы сатыдағы 336 өсімдік кездеседі. Оның 11 түрі Қазақстанның «Қызыл кітабында» тіркелген. Ауыл маңынан 4 шақырым жерде қарағай және ақ терек, қайың, ақ тал, ешкі тал т.б. ағаштардан басталған «Аман» орманшылығына келдік. Флора мен фаунаға бай жазықтан, сайдан, құмды массивтен тұратын бұл аймақта әлемде сирек кездесетін жатаған бұтақты арша өсімдігі, емдік қасиеті бар мия өсімдігі молынан кездеседі. Орман ішінде қарақұйрық, борсық, елік т.б. аң түрлері, құстың 30 түрі бар.

Ұлы даланың дархандығын ұлықтау мақсатындағы экспедициямыздың екінші кезеңі осындай рухани тұғырлы орындарды аралаумен өтті. Ел тарихын түгендеу һәм оны насихаттау өзімізден басталатынын ұмытпайық.





Мектеп оқушылары үшін қосымша білім берудің маңызы



МОМЫНОВ М. Ү.

«№19 орта мектеп» КММ директорының
тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары,
БЖТЖОО-ның ҚББП-і,
Нұр-Сұлтан қ.

Аңдатпа

Мақала мектептің қосымша білім беру бағытында жасалынып жатырған жұмыстары жөнінде жазылған. Әсіресе, мектеп қабырғасында оқушылардың қосымша білім берумен қамтылуы, үйірме, секция жұмыстары жөнінде, оқушылардың жетістіктері айтылады.

Аннотация

В данной статье автор говорит о работе школы в направлении дополнительного образования. Раскрываются особенности охвата учащихся дополнительным образованием в школе, кружковой, секционной работой, о достижениях учащихся.

Кілт сөздер: қызмет үлгісі, оқушыларды жұмыспен қамту, мектеп жүйесіндегі қосымша білім, құзыреттілік.

Болашақтың бәсекесіне қабілетті ХХІ ғасыр шәкіртін тәрбиелеу бүгінгі білім беру саласының басты мақсаты болып есептеледі. Қазіргі таңда білім саласындағы әріптестерім осы мақсатта тынбай жұмыс жасап жатыр. Соған сай ұстаз – ізденімпаз, мықты психолог, тынымсыз еңбеккер, оқушылардың арасында жақсы орта қалыптастырудың негізгі ұйтқысы, шебер, терең білімді, нағыз патриот болуы шарт. Сонда ғана ұстаз қоғамның мықты да білікті, қазіргі қоғамға бәсекелесе алатын, жоғарғы мәдениетті, жан – жақты дамыған, шығармашылық әлеуеті жоғары, ең бастысы елінің патриоты бола алатын жеке тұлғаны қалыптастыра алады. Осы орайда сабақтан тыс уақытта мектептегі қосымша білім беру саласының яғни үйірме, секциялардың да маңызы зор.

Қосымша білім беру – оқушылардың білім алу үдерісінде сұраныстарын жан – жақты қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын тәрбие және оқу үдерісі. Қазіргі уақытта білім саласында қосымша білім берудің бірнеше

бағыттарын пайдаланып жүрміз: көркем – эстетикалық бағыт; ғылыми – техникалық бағыт; экология – биологиялық бағыт; туристік – өлкетанушылық бағыт; әскери – патриоттық бағыт; музыкалық – эстетикалық бағыт; спорттық – сауықтыру бағыты.

Баланы тәрбиелеу – үздіксіз процесс, ол оның бос уақытында да жүзеге асырылады. Адам өмірінде бос уақыттың рөлі өте ерекше. Ол демалу, тынығу үшін емес, рухани қажетін өтеуге, ойлау қабілетінің жетілуіне, жалпы жан – жақты болуына арналады. Әр адам бос уақытын өзінше бір нәрсеге арнайды. Бірақ, бос уақытты ұтымды етіп өткізу әлде қайда тиімді. Бос уақытты пайдалана отырып, қоғам, ұжым, отбасы оқушылардың демалысын тиімді етіп ұйымдастырылуына күш жұмсауы қажет. Дұрыс тиімді ұйымдастырылған бос уақыт – олардың рухани өмірін, көзқарасын толықтырылуын қамтамасыз етеді. Баланың бос уақытын оның өз қалауымен өткізуге атсалысу, оған аса мән беру – қазіргі таңның басты мақсаты саналуы тиіс. Сонымен қатар, қазіргі кезеңде бос уақытты

әлеуметтік құбылыс ретінде қарастыру мәселесі әлемдегі барлық ғылымдардың назарын аударып отыр, өйткені қоғамымыздағы әлеуметтік – экономикалық, саяси және мәдени өзгерістер тұлға санасына да жаңаша көзқарас қалыптасуын қамтамасыз етуде.

Оқушының бос уақытын тиімді ұйымдастыру, оған дұрыс бағыт беріп отыру – барша қауымның ортақ ісі. Оқушының жан – жақты болып өсуі тек қана оның мектепте өткізген уақытымен шектелмейді. Бүгінгі таңда жаңа білімді адамды қалыптастыру барысында мектептің қызметі күннен – күнге ұлғая түсуде. Сондай қызметтерінің бірі – сабақтар мен сыныптан тыс жұмыстар. Оқушылармен сабақтан тыс жүргізілетін тәрбие жұмыстары сабақтан тыс немесе сыныптан тыс жұмыс деп аталады. Бұл мұғалім сабақ үстінде жүзеге асыратын тәрбие жұмысын толықтыра және тереңдете отырып, ең алдымен балалардың таланттары мен қабілеттерін неғұрлым толық ашудың, олардың бір нәрсеге қызығушылығы мен ынтасын оятудың құралы ретінде қызмет атқарады, ол оқушылардың бос уақытын ұйымдастырудың және олардың адамгершілік мінез құлыққа жаттығуын ұйымдастырудың формасы болып табылады.

Балалар ұйымы, ата-аналар, бүкіл жұртшылық балалардың бос уақытын өміріне пайдалы тәрбиелік мәні болатындай етіп өткізулеріне көмектесулері керек. Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалануды ұйымдастыру оңай мәселе емес екенін де ұмытпауымыз керек. Сонымен, оқушылардың бос уақытын

пайдалану үшін, ең алдымен олардың қандай пайдалы іспен шұғылдануды ұнататынын, қабілетін зерттеп біліп, сыныптан тыс жұмыс жоспарын жасағанда ескеру керек. Бұл ретте біз сөз еткен зерттеу шеңберін кеңейтіп, сан қилы тәсілдер түрін жетілдіріп, нәтижелілігін арттыру үшін аянбай еңбек ете білу керек. Жеке тұлғаның қалыптасып дамуы үздіксіз сипатта болатыны бізге мәлім. Оның жүзеге асуы тек сабақ жүйесінде ғана емес, сабақтан тыс жүргізілетін әртүрлі тәрбиелік әрекеттермен ұштасады. Ол әдетте сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыс болып бөлінеді.

Осы мақсатта 2021 – 2022 оқу жылының 1 қазанынан бастап мектебімізде оқушылардың сабақтан тыс уақытын тиімді пайдалану мақсатында үйірме және секциялар ашылып, қазіргі таңда барлығы оқушылар үшін тегін жұмыс жасап жатыр. Атап айтсақ, М. Өтемісұлы атындағы Оқушылар сарайымен екі жақты келісім нәтижесінде қосымша білім беру ұйымының филиалы жұмыс жасайды. Оқушылар сарайының бірнеше педагогы: «Ағашты кесу», жетекшісі Джунусов Руслан Рыспаевич, аптаның сәрсенбі, жұма күндері; «Домбырамен дәстүрлі ән айту» үйірмесі, жетекшісі Баимбетов Марат Меирханұлы, аптаның сәрсенбі, сенбі күндері; қазақ тілін үйрену мақсатында «Тіл әлемі» үйірмесі, жетекшісі Жаппарова Жанар Сабыровна, аптаның сәрсенбі, сенбі күндері; «Ағылшын тілі» үйірмесі, жетекшісі Мұсабек Береке Маратқызы, аптаның дүйсенбі, сейсенбі күндері жұмыс жасайды.

№7 спорт мектебімен бірлесе мектебімізде



Оқушылар мен педагогтардың жетістіктері



Дебат үйірмесінің оқушылары



«Шағын туризм» үйірмесінің сабағы

2 спорттық секция жұмыс жасайды. «Белбеу күресі», «Кикбоксинг, бокс» секциялары. «Белбеу күресі» 2 жыл мектебімізде жүргізіліп келеді, қатысушы балалар саны жылдан жылға өсіп келеді, қалалық, республикалық, халықаралық спорттық жарыстарға мектеп оқушыларымыз шығып, жақсы нәтижелер көрсетіп жүр. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған белбеу күресінен кіші жасөспірімдер мен жасөспірімдер арасындағы Целиноград ауданының чемпионаты: 1 орын – Киікбай Нұрбек; 3 орын – Авилбеков Елмұрат; 3 орын – Чернышов Руслан; 3 орын – Олжабай Санжар. Нұр-Сұлтан қалалық біріншілігінде бірнеше оқушымыз Жомартова Марзия, Қалымбек Сұлтанбек, Жиенбаева Айша 1 орын; Жомартова Мадина, Олжабай Санжар, Жиенбаева Хадиша, Апсамат Гүлзат, Исабай Балнұр 2 орын; Боранбай Аружан, Черемисина Илона, Кубеева Аружан 3 орын үздік нәтижелерін көрсетті. Желтоқсан айынан бастап «Кик-боксинг, бокс» секциясы өз жұмысын мектебіміздің оқушылары үшін, аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері, тренер – инструктор Жамалов Каппас жұмыс жасайды.

№5 спорт мектебімен бірлесе ашылған «Гандбол» спорттық секциясы. Мектебімізде бірнеше жылдың көлемінде жұмыс жасап келе жатыр. Биылғы оқу жылы аптаның дүйсенбі, сәрсенбі күндері кіші спорт залда өтеді. Жаттықтырушы Акиндыков Исмаил Ибрагимович.

Техникалық шығармашылық орталығымен бірлесе ашылған 2 үйірме жұмыс жасайды. «Роботехника» үйірмесі, жетекшісі Шия Аманжол, «Техникалық дизайн» үйірмесі, жетекшісі:

Омарова Баян Ерликовна. Баян Ерликовна шәкірттері биылғы оқу жылы бірнеше қалалық, республикалық жарыстарға қатысып, жақсы нәтижелер көрсетіп жүр. Атап айтсақ, «Әлем балалар көзімен» республикалық балалар сурет байқауы Дрозд Милана 3 орын; «Ұлы Даланың жеті қыры» республикалық балалар бейнелеу өнері және сәндік қолданбалы өнер көрме байқауы диплом Вагапова Даяна.

Сонымен қатар, Балалар мен жасөспірімдердің туризм және өлкетану орталығымен бірлесе ашылған үйірмелер жұмыс істейді. «Экология және біз», жетекшісі Бокенова Б.К., «Экология и мы», жетекшісі Гулхонец Т.П. «Пение под гитару», жетекшісі Бейсембаева Г.Г., «Жас археологтар» үйірмесі, жетекшісі тарих пәнінің мұғалімі Момынов М.Ү., «Малый туризм», жетекшісі Шаяхметова Г. М., «Жас экскурсовод» үйірмесі, жетекшісі Исабаева Б.Б. Барлық үйірмелер тегін жұмыс істейді.

Мектебімізде дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері жүргізетін «Волейбол», «Баскет-бол», «Ұлттық ойындар» спорттық секциялары жұмыс істейді. Сонымен қатар, «Дебат» үйірмесі жетекшісі Маханбетәбдиев Н.М., «Хореография» үйірмесі, жетекшісі Жакипова З.А., «Спорттық туризм» секциясы, тренерлер: Бельжанов К.Б., «Малый туризм», «Ағылшын тілі» үйірмесі, жетекшілері: Шахмет А.Е., Шадиева М.Б.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. «Жаңашылдық үлгісі-қосымша білім беру» Орталық Қазақстан журналы, №3 20.09.2016 ж.

2. Балаларға қосымша білім беру жүйесіндегі кәсіби бағдарлау қызметі. Әдістеме. Астана, 2015



Технология вожатского мастерства как средство социализации учащихся в условиях туристско- краеведческой деятельности



БЕЗБОРОДАЯ В.А.
старший воспитатель,
ПДО ГККП ЦДЮТик
акимата города Нур-Султан

Аңдатпа

Бұл мақалада автор балаларды сауықтыру лагерлерінде туристік-өлкетану қызметі жағдайында оқушыларды әлеуметтендіру құралы ретінде көшбасшылық технологияларды енгізу мәселесін қарастырады. "Боровичок" балалар сауықтыру лагері сияқты балалармен жұмыс жасаудың әртүрлі формалары ұсынылады.

Аннотация

В данной статье автором рассматривается вопрос о внедрении вожатских технологий как средства социализации учащихся в условиях туристско-краеведческой деятельности в условиях детских оздоровительных лагерей. Предлагаются различные формы работы с детьми на примере детского оздоровительного лагеря «Боровичок».

Ключевые слова: социализация, коммуникация, вожатское мастерство, девиантное поведение, технологии, адаптационный период, тренинги.

В периоды радикальных и стремительных преобразований в жизни подрастающего поколения актуальной является проблема социализации.

Социализация - сложный и многоуровневый процесс вхождения личности в социальную среду, усвоения, использования и последующей трансляции социальной информации в виде установок, ценностей, социальных ролей, свойств и качеств личности.

Цель: в настоящее время значительное внимание уделяется воспитанию подрастающего поколения, формированию у учащихся навыков, необходимых для полноценного существования в социуме. Общественные объединения детей и молодежи обуславливают воспитательный эффект проявления социальной активности личности. Так, выражая субъектную позицию, как высший уровень проявления социальной активности, личность испытывает потребность реализовываться в социальной деятельности

совместно с единомышленниками, общаться с ними, создавать общий круг интересов. Большой социализирующий потенциал имеют детски оздоровительные лагеря. Они проявляются прежде всего через возможности коммуникативного пространства лагеря в ходе туристско-краеведческих походов и мероприятий. Таким образом, целью нашей является исследование потенциала туристских детских оздоровительных лагерей как средства социализации учащихся.

С педагогической точки зрения проблема социализации решается, прежде всего, в рамках социального воспитания. Под социальным воспитанием понимается целенаправленный процесс формирования социального опыта и новообразований в структуре личности, необходимых для успешной социализации.

Одним из наиболее сложных и драматичных периодов взросления является подростковый возраст, особенно в той его стадии, когда

подросток подходит к рубежу ранней юности. Именно в подростковом возрасте человек в полной мере начинает осваивать, «применять на себя» мир человеческих и общественных отношений, активно выстраивать свои отношения с миром и людьми. Однако, не имея достаточного опыта, он совершает ошибки, впадает в крайности, и тем самым создает трудности как для себя самого, так и для окружающих. Поэтому необходимо помочь взрослому человеку выстроить оптимальные взаимоотношения с окружающей средой.

Задачи туристско-краеведческой деятельности в социализации учащихся. Туристско-краеведческая деятельность решает ряд образовательных и воспитательных задач – непременно обогащает ребенка новой информацией, развивает его интеллект. Регулярные занятия туризмом и краеведением формируют духовный облик учащихся, их характер, жизненные ориентиры, отношение к другим людям, к природе, к труду, к Родине. Одновременно происходит пробуждение эстетического чувства прекрасного, эстетического отношения к окружающему миру. Для воспитания таких чувств нужны яркие впечатления, которые в изобилии дает туризм. Чем богаче мир, окружающий ребенка, тем богаче и разнообразнее его личность.

В настоящее время, когда школа практически утратилась от воспитания подрастающего поколения, оставив себе лишь функцию обучения, туристско-краеведческая деятельность может помочь ликвидировать этот пробел. Туристско-краеведческая деятельность является действенным профилактическим средством девиантного поведения учащихся, которое в сегодняшних социально – экономических условиях проявляется в массовых явлениях наркомании, токсикомании, алкоголизма.

Организация отдыха, оздоровления и занятости детей является важнейшей задачей дополнительного образования. Государственная политика в сфере оздоровления и отдыха детей строится так, чтобы дети были максимально охвачены организованными формами отдыха, оздоровления и труда, чтобы сам отдых стал обеспечивающим преемственность обучения и воспитания, носил не только воспитательный характер, но и познавательно-творческий характер. Отдых детей и подростков и их оздоровление – определено как совокупность мероприятий,



Прохождение туристской полосы

обеспечивающих развитие творческого потенциала детей, охрану и укрепление их здоровья, профилактика правонарушений среди несовершеннолетних, формирование здорового образа жизни, соблюдение режима питания и жизнедеятельности в благоприятной окружающей среде при выполнении

Каникулярный отдых в лагерях – социально-педагогическое явление, эффективность которого обусловлена разнообразием возможных форм воспитательной и образовательной деятельности, интенсивностью общения детей и взрослых в этот период. Самой привычной формой организации летнего отдыха детей на современном этапе являются детские оздоровительные лагеря загородного типа.

Формы социализации с учащимися в туристско-краеведческой деятельности. Современные концепции организации летнего отдыха и оздоровления детей и подростков рассматривают детский отдых в летних оздоровительных лагерях не как особую педагогическую систему или методику, а как неотъемлемую составляющую всей жизнедеятельности ребенка, где гармонично сочетаются духовно-эстетические, рационально-познавательные, идейно-нравственные начала, это освоение жизни ребенком самым непосредственным, естественным образом.

В лагере создаются благоприятные возможности для привлечения всех воспитанников к занятиям физической культурой и спортом, туризмом, природоохранной работе, для расширения и углубления знаний об окружающем мире, развития творческих способностей детей, организации общественно-полезного труда. В качестве форм социализации работы с детьми и подростками в детском оздоровительном лагере, на примере детско-оздоровительного лагеря «Боровичок» выступают:

- игры: на знакомство, на сплочение коллектива, туристские, сюжетные, подвижные, спортивные, викторины, интеллектуальные игры и др.;
- тематические смены: туристско-краеведческая и экологическая, спортивная, лингвистическая, патриотическая, лидерская, творческая.;
- костры: дружбы, прощальный, открытия;
- конкурсы: творческие, песенные, танцевальные и др.;
- туристско-спортивные соревнования и эстафеты;
- туристские походы;
- вечерние мероприятия: костры, сценки, сказки и т.д.

Вожатские игры развивают у детей различ-

ные навыки, необходимые для социализации и самоутверждения.

Коммуникативные. Ребенок должен научиться общаться: представляться, знако-миться, договариваться вместе играть. Если нужно, просить о помощи взрослых или сверстников, предлагать оказать ее самому. Объяснять, что именно им нужно и зачем. Развивая коммуникативные навыки, ребенок учится принимать разные точки зрения и аргументировать свою.

Лидерские качества. Ребенок учится брать ответственность за принятые решения и людей вокруг. Если никто не хочет играть, он сам предложит начать. Дети должны ощущать себя полноценными людьми, которые умеют добиваться своего и принимать для этого верные решения.

Работа в группе, в команде. Умение работать и быть в группе с другими детьми помогает достигать больших целей, конкурировать и договариваться, развивает лидерство и коммуникацию. Работая в группе, ребенок не боится принимать правила игры, выдерживать свою роль и получать от нее удовольствие.

Логика. Развивает вычислительное мышление. Помогает решать сложные проблемы и принимать взвешенные решения.



Мастер-класс по твистингу (шаромоделированию) препятствий

Технологии вожатского мастерства. Вожатый – это не профессия, это призвание, это состояние души. Успешная работа вожатого, безусловно, зависит от индивидуальных черт, обусловленных возрастом, опытом работы, его личностными особенностями, системой ценностей и уровнем овладения педагогическими технологиями. От личности вожатого зависит и выбор методов и приемов педагогического воздействия на детей. Игра – дело серьезное. Каков ребенок в игре, таков во многом он будет в работе, когда вырастет. Поэтому воспитание будущего деятеля происходит, прежде всего, в игре.

Технология вожатского мастерства - одно из средств социализации учащихся в условиях детских оздоровительных лагерей.

Первым делом при заезде в лагерь необходимо познакомить ребят друг с другом, с вожатыми.

В этом нам поможет игра, которая называется «Снежный ком».

Все участники встают или садятся по кругу. Ведущий называет своё имя. Следующий игрок говорит, как зовут первого игрока, а затем представляется сам. Третий участник уже называет двоих предыдущих ребят по именам, потом сообщает своё имя. Игра продолжается, заканчивает её первый игрок, который называет

всех по очереди по именам.

Другой вариант этой же игры предполагает, что играющие называют не только имя, но и какое-то своё качество, дополнительно характеризуя себя. По условиям игры качество должно начинаться на ту же букву, что и имя. Например: Сергей, смелый. Игра проводится также по кругу, завершает её первый игрок, который повторяет всё услышанное.

Игра «Снежный ком» поможет развить общительность и помочь запомнить имена всех играющих.

Далее идут игры (тренинги) которые помогут детям адаптироваться в лагере. Тренинги по большей своей части направлены прежде всего на развитие личности, на формирование у нее эффективных коммуникативных умений, на освоение межличностных навыков взаимодействия.

В оргпериод можно проводить различные тренинговые упражнения. Используя тренинги, вожатые могут:

- определить уровень взаимопонимания в коллективе;
- сплотить коллектив;
- выявить в группе лидеров.

В каждом отряде у воспитанников есть



Логический тренинг на сплочение коллектива «Ниточка»



Тренинг «Кто быстрее?»

свои специфические проблемы: трудности личностного самоопределения, сложности во взаимоотношениях со сверстниками, повышенная конфликтность с вожатыми и т.д., рассмотрим пример тренинга который называется «Электрическая цепь».

Отряд разбивается на пары. Партнеры садятся напротив друг друга, где соединяют руки и ступни, образуя таким образом электрическую цепь, по которой ток течет по сцепленным рукам и ногам.

